

АТАМЕКЕН

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

◆ Алтын орақ – 2017

ЕГІНШІ – МӘРТ, ЖЕР – ЖОМАРТ

«Елде болса ерніе тиеді», – деген сөз тегін айтылмаған. Бел шешіп еңбектенген диканға берекесін үйіп төгетін боз далада дәл осы күндері қызу тіршілік жүріп жатыр. Қажырлы еңбектің өнімін жию науқаны басталып кетті. «Егінші – мәрт, жер – жомарт» демекші, биылғы егіннің де берері мол көрінеді.

Сары бидайын сапырған қызу науқанның барысымен танысу үшін аудан әкімі Жандарбек Далабаев мырза егін басына арнайы келді. Аудан басшысымен бірге жүрген топ ең әуелі Үлгілі ауылының егістік алқабын аралады. Мұнда «Империя Фуд» ЖШС-нің 200 гектар бидайы ораққа дайын тұр. Заманауи су жаңа төрт комбайн астық орауға кірісіпті. Іріктелген дән бірнеше жүк көлігіне тиеліп, қырманға жөнелтіп жатыр.

Аудан әкімін осындағы шаруашылықтың басқарушы директоры Бағдат Алыбаев жұмыс барысымен таныстырды. Ол өз сөзінде түсім жылдан жылға артып жатқанын айтты. Орта есеппен әр гектардан 18 центнерден өнім алынуда. Үлгілі селолық округінде осы серіктестіктің 100 гектарға жуық жері бар. Мұнда күздік бидайға қоса арпа, жүгері, мақсары, екпе шөп егілген. Үш мың басқа арналған мал бордақылау алаңы бар «Империя Фуд» ЖШС қажетті мал азығын өзіне тиесілі осындай шабындық, егістік жерлерінен дайындайды.

Бұдан кейін Жандарбек Ермекұлы Үңгіртас ауылының маңында жайқала өскен жүгері алқабына аялдап, дала аруын күтіп баптаушылармен тілдесті. Жүгерінің бұл сортынан ірі қараның жұғымы жақсы азығы – сүрлем дайындалады.

Науқандық жұмыстың көркін келтірген тағы бір ұжым Аққайнар ауылының айналасын еңбек дүбіріне бөлеуде. Мұнда «Төре» шаруа қожалығының 50 гектарлық арпа алқабы бар. Қожалық иесі Қамбар Үмбетов және оның серіктесі Александр Першин ұйымшылдықпен екпінді еңбектеніп жатқанын айтты. Бірі жеріне



дән егіп, екіншісі қолда бар техникасымен қарайласып қауырт жұмысқа кірісіпті. Бірін-бірі осылайша толықтырып, өзара келісіп атқарған адал еңбектің берері мол, әрине. Бұдан бөлек қожалықтың тағы 200 гектар арпасы ораққа дайын екен.

Ал, Қарақыстақ ауылына кіре берістегі 255 гектар алқапқа себілген жүгері «Табыс» шаруа қожалығына тиесілі. Аудан әкімін осы қожалықтың басшысы Талғат Естібеков егін жайымен таныстырды. Түбінен арық суы сылдырап ағып жатқан жүгерінің биылғы өсу қарқыны да ойдағыдай. Осы жер телімінің жыл сайын гектарына 455 центнерден өнім алынып, сүрлем дайындалады.

«Табыс» шаруа қожалығы ауыл маңынан 600 басқа арналған тауарлық сүт кешенін ашып, осы жылы жұмысын бастаған болатын. Неміс технологиясымен салынып, израильдік аппараттармен жабдықталған жұмыс орнында сиыр сауу компьютермен басқарылады. Асыл тұқымды сауын сиырлар осы сүрлеммен азықтандырылады.

Сонымен қатар малға қажетті жоңышқа, арпаны да егумен айналысады. Ауыл шаруашылығы техникаларының түр-түрі қожалықтың өзінде бар. Аудандағы шаруашылықтың көбі міне, осылай егін және мал шаруашылығының жұмысын қатар жүргізуде.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, биыл ауданда 47 мың гектарға жуық алқаптан астық жиналады. Оның 19 мыңы күздік бидай, 28 мың гектарға жақыны арпа. Әзірше, егіннің тең жартысы орылды. Ораққа 66 комбайн және өзге де техника түрлері тартылыпты. Комбайндар өртке қарсы құралдармен жабдықталып, шабыс кешендеріне соқалы тракторлар әзірленген. Ал, осы жиын-теріннен шыққан астықты сақтайтын 17 қойма толығымен дайын. Оның жалпы сыйымдылығы 78500 тоннаны құрайды. Ендеше, іске сәт. Қамба дөнге, ел іші әнге толсын!

Бақтияр АЙТАЛЫ.

◆ Бәрекелді!

АУДАН НАМЫСЫН АЙСҰЛУ ҚОРҒАЙДЫ

1 қыркүйек – 20 қазан аралығында өтетін «Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі үздік қызметкер» атағын алу үшін екінші республикалық конкурсына Қазақстан Республикасы бойынша барлық облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларында 1-ші турда іріктеу жүріп, екінші турға (финалға) жолдама беріледі. Екінші тур, яғни, финал Астана қаласында өтеді. Мұндағы мақсат арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде «әлеуметтік қызметкердің рөлін» арттыру, халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі ең үздік тәжірибені тарату. Осыған орай, байқауға біздің ауданның әлеуметтік қызметкерлері де атсалысып, өз жұмыстарын көрсетпекші.

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 28 шілде күні «Үздік әлеуметтік қызметкер» номинациясы бойынша конкурс өтті. Конкурс комиссиясы құрамына әлеуметтік салада талай жылдар еңбек еткен майталман мамандар іріктеліп, тағайындалды. Байқауда 40 әлеуметтік қызметкерлер арасынан 3 әлеуметтік қызметкерлер іріктеліп алынды. Аудан көлемінде іріктелген 3 әлеуметтік қызметкерлердің ішінде үздік танылған Жамбыл ауылы бойынша әлеуметтік қызметкер Қойшыбаева Айсұлу Әділбекқызы болды. Жоғары білімді, жұмыс тәжірибесі бар білікті маман мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетеді. Қарамағындағы балалардың қабілетіне, сырқатына, мүмкіндігіне сәйкес жеке жұмыс жоспарын жасап, жұмысын денсаулық сақтау және білім беру мекемесімен тығыз байланыста жүргізе отырып, мүмкіндігі шектеулі баланың өмірге барынша икемделіп, өзіне-өзі қызмет көрсетуі үшін ықпал етіп, әрдайым ізденісте жүретінін көрсете білді. Сол еңбегі бағаланған ол жұмыста түрлі құрметтерге ие болған, мақтау грамоталары мен, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. Осының бәрін ескере келе, аудан намысын қорғауға Қойшыбаева Айсұлу лайық деп танылды.

Әріптестері оған жарыстан сүрінбей өтуіне және «Үздік әлеуметтік қызметкер» болуына тілектестігін білдірді. Алға, Айсұлу!

Жаксылық ҚАРЫМБАЕВ,
бөлім басшысы.

ГРАНИТ БАР, МӘРМӨР БАР, ТАСҚА ДА ЕРЕН ТАЛҒАМ БАР

◆ Өнеркәсіп өрісі

Ел экономикасының дамуы көлік қатынасының өркендеуімен тығыз байланысты. Өздеріңізге белгілі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады», – деп Жолдауда нақты айтты. Елбасы Үкіметке 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізуін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болып табылады.

Қазыбек бек бекетінде 2014 жылы «Күртгі» тас өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл зауытты А.Н.Логинов осы сала бойынша М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Ұлттық Университетінде оқып келіп, іскерлікпен басқарып отыр. Ол инженер-геолог мамандығын 1976 жылы меңгерген.

С.Айманов болса «Күртгі» тас өңдеу зауытының құрылыс және сұрақтар бойынша орынбасары болып қызмет істейді. Тас өңдеу зауытына қажетті гранит тасы



Жалпақтас өңірінен алынады. Жалпақтас өңірінде де бірнеше еңбеккерлер қызу жұмыс үстінде. Бұл өңірдің басшысы Е.Ертаев өз қызметін адал атқаруда. «Күртгі» тас өңдеу зауыты негізінен жол құрылысы нысандарына гранит тасынан қажетті материалдарды, тақта тастарды, жолжиектік тастарды қазіргі заманауи технологиялар арқылы өндіріп, Қазақстанның түкпір-түкпіріне жібереді. Осы тас

жұмыс істейді. Бұл тас өңдеу зауытының басты бағыты жол салу, құрылыс нысандарына тастан шикізат өндіріп жеткізу. Ауылдық өңірлерде осындай жұмыс орындары көптеп ашылса, қандай жақсы болар еді!

Балжан БАЛМҰРАТОВА,
мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.
Қазыбек бек ауылы.



Мүмкіндігі шектеулі жандарды қабылдады

Сәрсенбі күні «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында азаматтарды бірыңғай қабылдау күні өтті. Іс шараға аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабиев, аудандық жұмыспен қамту орталығы бөлімінің бас маманы Қарлыға Нәметова қатысты. Шара барысында Жұмабек Тоқаұлы қазіргі таңда мүгедек жандарға мемлекет тарапынан мейлінше жағдай жасалып жатқандығына тоқталып, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мекемелерге кірме жолдары мен жұмысқа орналасу мәселесі партияның қадағалауында екендігін айтты. Ал, жұмыспен қамту

орталығының бас маманы Қ.Нәметова болса, аудан бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны 3615 адамды құрайтынын, солардың ішінде биыл мүмкіндігі шектеулі 35 жанды жұмыспен қамтамасыз ету жоспарланғанын тілге тиек етті. Қазіргі уақытта жұмыспен қамту орталығында мүмкіндігі шектеулі 27 азамат жұмыссыз ретінде тіркелгенін айтты. «Бүгінде олардың кейбірі жұмыспен қамтылды. Атап

айтсақ, аудан бойынша 8 азамат тұрақты жұмысқа орналасса, 3-еуі кәсіби оқуға жіберілді. Сондай-ақ, 12 азамат адам ақылы қоғамдық жұмыстарға орналасты, 1 азамат жас мамандар тәжірибесінен өтуде, 3 азамат әлеуметтік жұмыс орнына қызметке жіберілді», – деді Қарлыға Мырзабайқызы. Шара соңында мүмкіндігі шектеулі жандардың тарапынан қойылған сұрақтарға мекеме басшылары қанағаттанарлық жауап беріп, алдағы уақытта осындай шаралар жалғасын табатынын жеткізді. **Райхан ЖӘНІБЕКОВА, Жамбыл аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы есеп және статистика секторының меңгерушісі.**

Мектепке даярлық

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

«Нұр Отан» партиясының аудандық филиалында «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы аясында «Мектепке даярлық» қайырымдылық акциясы өтті. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қолдауға арналған шараға мүмкіндігі шектеулі балалар да шақырылды.

«Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы жыл басынан бері «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы аясында алты іс-шара өткізді. Бұған аудандық мәслихаттағы партиялық фракция мүшелері де атсалысты. Мәселен, аудан бойынша 170 жетім бала болса, оның



Бастауыш сыныпқа баратын алты балаға қайырымды жандардың көмегімен мектеп формасы және сабаққа қажетті құралдар сыйланды. Оны тапсыру кезінде партияның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабиев партиялық жобалар туралы таныстырып, бүлдіршіндерге жылы тілегін арнады. Шараға демеушілік көрсеткен Шырынбүбі Асубаеваға, аудандық мәслихат депутаттары Сатыбалды Нұрманов пен Салтанат Ақшалаеваға және филиал қызметкерлеріне ата-аналар ризашылығын білдірді.

103-і мектеп жасында. Партиялық топ жетекшілерінің, депутаттардың, партия белсенділерінің көмегімен биыл осындай 78 бала әртүрлі деңгейдегі демалыс, сауықтыру орындарында болды. Аудандағы аз қамтылған 1143 отбасының балалары да назардан тыс қалмады. Осындай отбасындағы 775 бала жазғы лагерьлерде демалса, 355-і Астанаға «ЭКСПО-2017» көрмесіне саяхаттап қайтты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
Суретте: акциядан көрініс.

Ауыл шаруашылығы

Дана халқымызда: «Мал баққанға бітеді», – деген қанатты сөз бар. Өйткені, төрт түлік мал қазақтың құт-беркесі, ырысы мен байлығы. Осындай жайлауы жасыл, малдары асыл құтты мекен атаған Жамбыл ауданында мал шаруашылығы бүгінде даму үстінде. Аудан халқы малын бағып, бау-бақша егінін өсіріп, шөбін шауып, төлін көбейтіп шаруаларына шыр бітіруде.

ҚАЗАҚТЫҢ МАЛ – ЫРЫСЫ...

Жаз жайлау төріне қоныстанған олар малдарының қоңын көтеріп, төрт түліктің игілігін қажетке жаратуда. Бүгінгі таңда ауданда барлығы 113024 ірі қара, оның ішінде 33971 сауын сиыр, 775660 қой мен ешкі, 35591 жылқы, 1867 түйе мен 501989 құс жеке тұрғындар иелігі мен ауыл шаруашылық ұжымдарында, шаруа қожалықтарында бағылуда.

Алдымен көктемгі мал төлдету науқаны ойдағыдай өтіп, мал саны өз төлімен көбейді. Нәтижесінде 40850 бұзау, 10246 құлын, 30033 қозы-лақ, 323 бота алынды. Осылайша мал саны артты. Мал өнімдерінің көрсеткіші де көңіл қуантады. Сонымен 9883 тонна ет, 19256 тонна сүт, 1294 тонна жүн, 37 млн. 605 мың дана жұмыртқа өндірілді. Жыл сайын ауданымызда алдағы мал қыстау кезеңіне де алдын ала көңіл бөлінуде. Мал азығын дайындау ерте бастан қолға алынды. Ауданымыздағы ауыл шаруашылық ұжымдары, шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындар малға шөп дайындауда белсенділік танытты.

Қазіргі уақытта көк жайлау төсі төрт түлік малға толды. Айталық, Ұзынағаш, Жамбыл, Қарасу, Ақсеңгір, Шолаққарғалы округтерінің әкімдері мен шаруа қожалық иелері қаражат жинап, жайлаудың жолы жасалып, ретке келтірілген. Бүгінде аудан бойынша жайлауға 78000 ірі қара, 570 мың қой мен ешкі, 1500 жылқы шығарылып бағылуда. Малшылар суы таза, шөбі шүйгін Үлкенсаз, Кішісаз, Көктөбе, Құлансаз, Майтөбе, Ақтасты, Сарыжазық, Суықтөбе, Бесмойнақ, Сәбден, Қоңыртөбе, Асу, Көктекше, Қасқасу, Қызылауыз, Белата, Қаракия жайлауларын және де алыс жайлауларды тиімді пайдалануда. «Малы семіздің, төлі егіз» демекші, жайлауда бағылып, күздеуге түскен, қорасы жылы қыстауда төлдеген малдың төлі де, өндірілетін өнімі де мол болатыны ақиқат. **Әйгерім ӘБУ.**

ЖАҢА КӨШЕЛЕРДІҢ ЖАҢА АТАУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпанындағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының ескерту қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысының 8 тармағының, 1,2 тармақшаларына сәйкес 2017 жылдың тамыз айының 9 күні сағат 11.00-де Жамбыл ауданы, Ұзынағаш селолық округіндегі С.Бердіқұлов атындағы орта мектебінің акт залында қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде «Ұзынағаш селолық округіне қарасты көшелерге Қисықов Мүсімхан Қабылтайұлының, Оралбай Талысбаевтың есімін және Кечиореон атауын беру туралы» мәселе қаралатынын еске саламыз.

Қосымша мәлімет

Қисықов Мүсімхан Қабылтайұлы – 1937 жылы 15 наурызда Жамбыл облысы, Красногор ауданында туған. 1960 жылы Красногор ауылшаруашылық техникумын «техник-механик» мамандығы бойынша тамамдаған.

Еңбек жолы:

- 1955-1957 ж.ж. Сталин атындағы колхозының прицепшігі.
- 1960-1974 ж.ж. – Жамбыл ауданы, «Рославль» совхозының бас инженері.
- 1974-1975 ж.ж. – Алматы облысының «Казсельхозтехника» ауданаралық бірлестігінің директоры.
- 1975-1976 ж.ж. – Жамбыл ауданы, Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығының директоры.
- 1976-1981 ж.ж. – Жамбыл ауданы, «Ақсеңгір» тәжірибе шаруашылығының директоры.
- 1981-1984 ж.ж. – Жамбыл ауданы, Жамбыл атындағы совхоздың директоры.
- 1984-1989 ж.ж. – Жамбыл ауданы, «Рославль» қой совхозының директоры.
- 1989-1992 ж.ж. – Жамбыл ауданы, «Жамбыл» атындағы жылқысовхозының директоры.
- 1992-1996 ж.ж. – Талғар ауданы, «Кербұлақ» совхозының директоры.
- 1996-2002 ж.ж. – Жамбыл ауданы, «Беріктас» кооперативінің директоры.

Совет Одағы Коммунистік париясының XXVIII съезінің делегаты, Қазақ ССР-ы ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қайраткері, Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы.

Ерен еңбегінің арқасында:

Халық депутаттары Жамбыл аудандық атқару комитетінің 1970 жылғы наурыздың 25-дегі шешімімен «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай ерен еңбегі үшін» медаліне ұсынылып, марапатталған.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

«Он бірінші бесжылдықтың екпіндісі». 21.11.1983 жылы ауыл шаруашылығы қызметкерлері аудандық кәсіподақ комитеті мен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының Қаулысымен берілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2004 жылғы қаңтардың 30-дағы Жарлығы бойынша «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медалімен (№ 0534) марапатталған.

Талысбаев Оралбай Шәріпбайұлы – Қазақстанның халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаев жырлап өткен Мәтібұлақ жерінде 1924 жылы 22 қаңтарда туған. 11 жасында шешесі қайтыс болады.

Әкесі Шәріпбай Түркістан-Сібір темір жолында ай бойы жұмыста болып, жағдайы болмаған соң оны інісі Талысбаев Әліпбайдың қолына жібереді.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін 2-ші дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және 2-рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Соғыстан аман-есен 1946 жылы ақпан айында елге оралып, Шиен орта мектебінде мұғалім, содан кейін Партияның XVIII-ші съезі атындағы колохозда комсомол ұйымының хатшысы болған.

1947-1952 жылдары трактор бригадасының, колхоз бухгалтериясының есепшісі.

1953-ші жылы Шиен ауылдық Кеңесінің хатшысы.

1954-1957 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

1957-1960 жылдары Қарақыстақ ауылдық тұтынушылар қоғамы басқармасының төрағасы.

1960-шы жылы «Отар» жұмысшылар кооперативінде төраға.

1963-ші жылы «Дегерес» қой совхозы партия ұйымының хатшысы.

1964-ші жылы «Партияның XVIII съезі» атындағы колхозда партия ұйымының хатшысы.

1969-шы жылы Ленин атындағы колхозда партия ұйымының хатшысы.

1980-1990 жылдары аудандық байланыс торабы бастығының орынбасары.

1990-1999 жылдары аудандық халықты әлеуметтік жағынан қорғау бөлімінде бөлім меңгерушісі.

Кечиорен ауданы – Түркия мемлекетінің астанасы Анкара қаласындағы 25 ауданның бірі және ең ірі ауданы. Онда тұратын халықтың саны бір миллионнан астам. Халық тығыз шоғырланған көрікті аудандардың бірі.

2016 жылы Түркия мемлекетінің астанасы Анкара қаласының Кечиорен ауданының бір көшесіне қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың аты берілді. Анкарада көше атауының берілуі шын мәнінде тарихи оқиға болды. Бұл біздің еліміздің жаһандық имиджін көтерді. Екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылының бір көшесіне **Кечиорен** атын бергеніміз дұрыс деген ұйғарым шығарылды.

Ұзынағаш селолық округінің әкімдігі.

Жуырда облыс орталығы Талдықорған қаласында облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Діни деструктивтік идеологияны таратуға қарсы тұруға және конфессияаралық қатынастарды сақтаудағы БАҚ-ның рөлі» атты семинар-тренинг өтті. Оған облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет

болар еді. Әйтпесе, кейбір БАҚ беттерінде экстремизмге қарсы мақала жазамыз деген қаламгерлер тура жолды ұстанып жүргендерді де жазғырып жатады. Сіз бен біз БАҚ-на мақала жазғанда немесе сұхбат бергенде Қазақстандағы «діни экстремизм» топтары қайсысы екенін және Қазақстандағы діни экстремизмді насихаттап жүрген солардың шейхсымақ-

Осы жастар неге діни ағым құрамына кіріп кетеді деген сауалға көпшілігі материалдық қиыншылық көргеннен деп жауап береді. Ол да дұрыс емес. Оған бірден-бір дәлел мына оқиға. Бір күні мен бір лауазымды тұлғамен сөйлесіп отырғаныма әлгі кісі өзінің ұлы діни ағым құрамына кіргенін айтып менен көмек көрсетуімді өтінді. Мен оның сөзін

келтіре отырып, әлгі жас жігітті өз райынан қайтардым.

Көрдіңіз бе, біздің осал жеріміз осы. Олардың ұстаздары Дарын Мұбаров, Октама Зауырбеков, Ділмұрат Әбу Мухаммад сияқты бірнеше шейхсымақ кісілер. Міне, осыларды балаларыңыз тыңдап жүрсе, солардың уағызына құлақ

ДІНДІ БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ АБАЙДЫ ОҚЫҢЫЗ

Есдәулетов, «Білім» білім беру мәдениет орталығының директоры Руслан Ержанов, РАНТ-ның мүшесі, «Нұрлы білім» деструктивтік діни ағымдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, теолог Рүстем Сыздықов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, phd докторы, теолог Расим Челидзе және облыстық, аудандық БАҚ-ның өкілдері қатысты.

Ең алғаш сөз алған облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов келген қонақтарды БАҚ өкілдеріне таныстырып, облыстағы діни ахуалды қысқаша баяндады. Одан кейін сөз алған «Білім» білім беру мәдениет орталығының директоры Руслан Ержанов: «Иә, «діни экстремизм», «діни терроризм» деген нәрсе қазіргі таңда қатты ушығып бара жатқан дүниенің бірі. Бірақ, бұл тіркестердің «діни» деп қолданылуы дұрыс емес. Себебі, біздің дін экстремистік, я болмаса террористік бағытты құптайтын дін емес. БАҚ өкілдері соған көптеп көңіл бөлсе екен дейміз. Қазір әлемнің әр түкпірінде неше түрлі террорлық актілер болып жатыр. Сол террорлық актілердің бәрін жасап жатқан мұсылмандар емес, оның арасында «синоистер», христиандық ағымдар сияқты көптеген топтар істеп жатады. Бірақ сол болып жатқан терактілерді ешкім «Христиандық ағымдар» немесе «Синоистік ағымдар» жасап жатыр деп әлемге жар салмайды. Есесіне, дінді дұрыс түсінбей жат ағым жетегінде кетіп жатқан мұсылмандар сондай бассыздыққа барса, «Ислам террорлары», «Ислам дінінің экстремистері» деп жаппай аттан саламыз. Міне, біздің осал жеріміз осы. Мұндай ұғым, яғни «ислам дінін ұстанушы террористер» деген ұғым 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Америкадағы егіз мұнараға жасалған шабуылдан кейін басталды. Ол уақытқа дейін бұндай терминдер қолданылмаған еді. Біз соны дұрыс түсіне білсек екен. Сол уақытқа дейін ешкім терроризм деген нәрсені Ислам дініне теліп айтпайтын. Ал қазір бүкіл БАҚ-на шолу жасасаңыздар «Ислам мемлекеті», «Ислам дінін ұстанушы террорлар» деген нәрсені көптеп көреміз. Бұны да бәз біреулер асыл дінімізге қара күйе жағу үшін әдейі істеп отыр. Себебі, біздің дін дамып, мұсылмандардың саны күн санап арту үстінде. Асылында Ислам діні террорлық пен экстремистікті қолдамайтыны хақ. Осыны БАҚ өкілдері қаперінде ұстаса екен», – деп сөзін қорытындылады.

РАНТ-ның мүшесі, «Нұрлы білім» деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, теолог Рүстем Сыздықов: «Расымен, Руслан Самарқанұлының айтқан сөзінің жаны бар. Бірақ, біздегі БАҚ өкілдері діни ағымдар туралы жазбас бұрын алдымен сол саланың білікті маманымен ақылдасып отырып жазса, нұр үстіне нұр



тарын нақты айтуымыз керек. Оны қашанғы жасырамыз. «Ауруын жасырған өледі» деген сөз бар қазақта. Біз оларды несіне жасырамыз?

Мен өзім дін саласында қызмет етіп жүргеніме бірнеше жылдың жүзі болды. Сол уақыт аралығында ҚМДБ-нан Еркін Әміре, Ризабек Батталұлы сияқты бірнеше дін ғалымдарымен бірлесе жүріп діни ағым құрамына кіріп кеткен алпысқа жуық жастың бетін бері қайтардық. Бірақ, олардың бәрі өз ойынан мүлде айнып кетті деу де жаңсақ пікір болар. Сондай топтардың құрамына кіргендердің көбі жастар. Неге? Себебі, жастар қазір әлеуметтік желіде көп отырады. Содан олар өзіне қажетті не қажетсіз көптеген мағлұматтардан хабардар болады. Сөйтеді де ойламаған бір күні діни ағым сапынан бірақ шығады. Оған мешіттегі имам, мектептегі мұғалім, құқық қорғау қызметкерлері емес, біріншіден ата-ананың өзі кінәлі. Өйткені, қазіргі ата-аналар баласынан гөрі үнді мен корейлердің телесериалдарына көп уақытын жұмсайды немесе көпшілігі жұмысбасты болып баласына уақыт бөлуден қалған.

Егер сіз өз балаңыздың компьютері мен смартфон ақтарып нені тыңдап жүргенін, қандай әдебиетті оқып жүргенін, араласып жүрген достарының кім екенін білмесеңіз, кеше ғана әкешесінің айтқанын екі етпей орындап жүрген баланың бір күні сақал қойып, орамал тағып, анауың «бидғат», мынауың «шірік», имамдарың мен «Абайың адасқан», «Шәкәрім шатасқан» дегенін естісеңіз, онда балаңыздан айырылдым дей беріңіз. Себебі, ондай ағым құрамына кіргендер салтың мен дәстүріңе, кешегі «Бір Аллаға сиынып, кел балалар, оқылық!» деп өткен Ыбырай Алтынсарин сияқты ұлы ойшылдарға пысықырып та қарамайды. Бірақ балаңыз мешітке барып имамнан сабақ алса, Әбу Ханифа мәзһабымен намаз оқып, орамал такса одан қорықпаңыз, одан қауіп болмайды.

жерге тастамай баласы үйіне келгенде мені де шақыршы дедім. Сөйттім де, кешке баласы спортзалдағы жаттығудан келген соң сөйлесейін, сұхбат құрайын деп шешім қабылдадым. Кешке жаңағы кісінің үйіне бардым. Барсам, үйі үш қабатты, жағдайы жоқ деуге келмейді. Сондай зәулім үйде тұрғанымен шаңырағынан шаттық кеткен, баспанасында бақыттың иісі де сезілмейді. Себебі, баласы діни ағым құрамына кіріп кеткен. Содан кешке баласы үйіне келгенде жеке отырып сөйлесейік деп оңаша қалып сөйлесіп, «Балам, сенің намаз оқып, ораза ұстап, Алланың әмірін орындап жүргенің өте құптарлық іс. Бірақ ата-анаңнан сырт айналып, сендер «кәпірсіндер», сендермен бір шаңырақтың астында тұрмаймын деуіне не себеп болды?» – дегенімде оның маған берген жауабы мынадай: «Мен еркін күрес түрінен күнде дайындыққа барамын. Қазір сол спорт түрінен чемпионмын. Бір күні біздің жаттықтырушы «Құрметті мұсылман бауырлар, сендердің үйдегі ата-аналарың иманның мынадай алты шартын білмесе, олар мұсылман емес, олармен бір шаңырақ астында тұруға болмайды, тіпті олармен бір дастархан үстінде ас ішу де дұрыс емес», – деді. Сол сөзден кейін мен үйге келіп әке-шешеме сіздер «Мұсылмансыздар ма?», «Мұсылман болсаңыздар, иманның алты шартын айтыңыздаршы?» десем, олар жауап бере алмады. Сондай қарапайым сұраққа жауап бере алмаған адамдармен қалай тұрайын», – деді ол маған.

Сосын мен оған: «Балам, Құранда Алла тағала әуелі өзіне құлшылық қылуды, кейін әке-шешенмен жақсы қарым-қатынаста болуды бұйырады. Яғни, сенің әке-шешен намазхан болмаса да сенің оларды құрметтеуің парыз болып табылады. Сондай-ақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) «Жаннат – аналарыңның табанының астында» деп бізге анамызға, әкемізге жақсы қарайласу керектігін өсиет етіп кетті деп бірнеше аят пен хадистен мысал

асатын болса, балаңыз «сәләфи» ағымына кіру үстінде екенін біліңіз. Олардың адам санасын улауына он күн уақыт та жетеді. Мен сондай ұстазсымақтардың уағызын тыңдап, екі-ақ аптада Сирияға соғысқа аттанып кеткен жастарды көргенмін. Бір жанұядан үш бірдей ұлы кетіп, жат жерде үшеуі де жер жастанғанынан да хабардармын. Олар кімдер? Олар – адасқандар. Оларды адастырмау үшін кішкентайынан бастап әке-шешесі дастархан басында, «Абай атаң иманның мынадай шарттары бар, Шәкәрім атаң дін жайында былай деген екен» деп салт-дәстүрмен ұштастыра отырып, баланы тәрбиелеу керек. Сөйтіп, баламыздың санасына Абай мен Шәкәрім сияқты ұлы ойшылдардың дүниесін сіңіріп, ой-санасын сүзгіден өткізген абзал болмақ.

Бірақ, біз ол үшін көбірек кітап оқып, ізденуіміз керек. Өкінішке қарай, біз кітап оқымаймыз, ізденбейміз, діни сауатымыз жоқтың қасы. Діни білім алу үшін арабтың, түріктің, я ағылшынның кітаптарын оқу шарт емес. Ол үшін кешегі өткен бабаларымыз – Шәкәрімнің «Мұсылманның шарты», Абайдың «Қара сөздері» сынды еңбектерін оқып түсінсеңіз, Мағжан Жұмабаев пен Міржақып Дулатовтың, Ахмет Байтұрсынұлының жазған дүниелерін оқысаңыз жеткілікті. Одан артық ештеңе керек емес», – деп сөзін аяқтады.

БАҚ өкілдерінің қойған сұрақтарына жауап беріп, олардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында бірнеше күндік сабақтар өткізсе екен деген ұсынысын айтты. Бұдан кейін сөз алған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, phd докторы, теолог Расим Челидзе осындай жиын өткізген облыстық дін істері басқармасы мен облыстық ішкі саясат басқармасына алғыс айта отырып: «Менің әріптестерім өте керекті әрі нақты мағлұмат берді деп ойлаймын. Қазіргі заман ақпарат заманы екені рас. Сол ақпарат майданында журналистер қауымы асыл дінімізге септігі тиетін дүниелер жазса болар еді. Жоғарыда аталып өткендей, «Ислам дінін ұстанушы террорлар», «Ислам мемлекеті» деген дүниелер тек беріректе пайда болды. Олар саяси идеологияның құрбандары. Кейбір жандар бұны бизнес көзіне де айналдырып үлгерген. Сондықтан қалам ұстап жүрген жандар ненің ақ, ненің қара екенін ашық жазса, дұрыс болар еді. Және үнемі дін мамандарымен ақылдасып отырғаны құба-құп», – деген ұсынысын білдіріп, бірқатар діни мәселелер төңірегінде түсіндірме жұмысын жүргізді.

Жиын соңында облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов семинар-тренингке қатысқан БАҚ өкілдеріне осы жиынға қатысқандығын растайтын куәландыру сертификатын табыстады.

Елдар ЖАҚЫПБЕК.

ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ СУ

Газет

оқырмандары назарына
«Жамбыл су құбыры»
кәсіпорнының директоры
Келжан Қожамқұловпен
мекеменің міндеті, жаңа су
жүйесіне қосылу ережелері,
басқа да көптеген сауалдар
төңірегінде жүргізілген
сұхбатты ұсынамыз.



– Келжан Әбжанұлы, «Жамбыл су құбыры» кәсіпорны туралы қысқаша не дер едіңіз?

– Су құбыры – бұл күрделі қондырғы. Оның көмегімен қаланы, ауылды, өндіріс пен шаруашылық орындарын бір орталықтан сумен жабдықтауға болады. Тұрмыстық су құбыры тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етеді, зауыттар мен мекемелердегі адамдардың тұрмыстық қажеттілігін өнеркәсіптік су құбыры қанағаттандырады.

«Жамбыл су құбыры» аудандық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2004 жылы 6 маусымда ашылған. Штат кестесі бойынша ол кезде оншақты адам болып жұмысын бастаған. Қазіргі таңда жұмыс ауқымының кеңеюіне байланысты штатта 40-45 адам бар. Олар Ұзынағаш ауылын ауызсумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары бұл мекеменің техникалық базасы нығайып, мынадай техникалармен толықтырылды. Атап айтқанда, 2 ассенизатор автокөлігімен, МТЗ-82 маркалы 2 трактормен, экскаватормен, 1 автокранмен тағы басқа техникалармен жабдықталған.

– Жалпы Ұзынағаш селолық округі бойынша қанша абонент ауызсумен қамтылған?

– «Жамбыл су құбыры» мекемесінің сумен қамтамасыз ететін ауылдарына – Ұзынағаш, Ынтымақ, Жаңақұрылыс елді мекендері жатады. Бүгінде 3668 абонент сумен қамтылған, яғни ол адам басына шаққанда 11370 тұрғынды құрайды. Кәріз жүйесіне 516 жеке тұлға, 198 заңды тұлға қосылған. Жоспарда тағы 3500 абоненттің қосылуы күтіліп отыр.

– Жаңа су жүйесін орнату бойынша қандай бағдарламалар жүзеге асуда?

– Тәуелсіздіктің 25 жылында Үкімет халықтың әл-ауқатын, білімі мен денсаулығын жақсартуға бағытталған бірқатар мақсатты бағдарламаларды қабылдады. Солардың бірі, 2011 жылы халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» салалық бағдарламасы. Мұндағы негізгі міндет – ауыз су мәселесі болып табылады. Ибн Синаның: «Ауру көбінесе ішкен астан

пайда болады, соның ішінде, әсіресе, ауыз судан болады» деп ескерткеніндей, халық үшін сапалы ауыз суға қолжетімділіктің маңызы зор.

Елбасы Жолдауында атап көрсеткеніндей, осыған дейінгі «Ауыз су» бағдарламасын жүзеге асыру барысында ауылды жердегі халықтың орталықтандырылған сумен қамту жүйелеріне қолжетімділігі 41 пайызға, ал қалалық жерде 72 пайызға дейін артып, суды тасып ішетін адамдардың саны 4 есеге дейін төмендеген. Сондықтан бұл көкейкесті мәселелердің бірі болып қала береді.

«Ақбұлақ» бағдарламасы аясында ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету, суды есептегіш құралдарды қалалық және ауылдық жерлерде орнату, сондай-ақ елді мекендерге ауызсу жүргізу шаралары қарастырылған.

Ұзынағаш ауылының ауыз су жүйелерін жаңғырту құрылысы 2 кезеңнен тұрды. Негізгі мердігер компания «КА Строй ЛТД» ЖШС болды. Жүйе құрылысы 2016 жылдың 30 қазанында толығымен пайдалануға берілді.

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша 2011-2012 жылдары бірінші іске қосылу кезеңі өтіп, 2015-2017 жылы Ұзынағаш ауылының ауызсу жүйелерін жаңғырту толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі таңда «Жамбыл су құбыры» мекемесінің иелігіне өтуде. Ұзынағаш бойынша жаңа су құбырының жалпы ұзындығы 125 шақырымды құрайды.

– Көпқабатты үйлердің сумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз ету жұмыстары туралы не айтасыз?

– Көпқабатты үйлерге тиесілі су құбыры жүйесінің тозығы жетуіне байланысты, кейбір аулалардың су құбырын ауыстыру керек. Себебі, орталықтандырылған сервистік құдықтан үйге дейін тартылған су құбыры мен кәріз жүйесі үй иелеріне тиесілі. Осыған байланысты тұрғындар мен «Жамбыл су құбыры» мекемесінің арасында түсініспеушілік туындап отыр. Мысалы, кейбір аудан орталықтарында ол коммуналдық қызмет көрсететін

кооперативтер (КСК) міндетіне жатады. Ұзынағаш ауылында да осындай кооператив құрылуы қажет деп санаймын. Су құбыры үй иелерінің есебінен ауыстырылады. Толықтай мәлімет алу үшін тұрғындар «Жамбыл су құбыры» мекемесіне келуі керек. Елді сумен «Жамбыл су құбыры мекемесі» қамтамасыз етеді. Алайда, ол қазір жаңа су құбырларын ауыстыру жұмыстарына толық қосыла алмай отыр. Соған байланысты хабарлама таратып, газетке жариялап жатырмыз. Жаңа су құбырына қосылам деген тұтынушылар біздің мекемеге келіп, техникалық шартын алуы тиіс. «Жамбыл су құбыры мекемесінің» техниктері сызба жоспарын сызып, қай құдықтан қосылуға болатынын көрсетеді. Сондай-ақ, техникалық шартын алмай тұрып су құбырын қазу жұмыстарын жүргізуге болмайды, оған арнайы айыппұл салынады.

– Тұрғын үйлерге су жүргізу үшін қандай ережелерге сүйенесіздер?

– Тұрғын үйлердің ауласына су құбырын жүргізу үшін әрбір абонент «Жамбыл су құбыры» мекемесіне келіп, техникалық шартын алғаннан кейін ғана жұмыс жүргізеді. Ары қарай жерді қазу, су құбырын үйге тарту мердігер компанияның немесе үй иесінің техникалық шарт ережелерін бұзбай жұмыс істеуіне байланысты. Бұл жұмыстың дұрыс жүргізілуі «Жамбыл су құбыры» мекемесінің бақылауында. Техникалық шарт алып, қазу жұмыстары аяқталғаннан кейін су есептегіш құралдары қойылады, одан кейін келісімшартқа отыру қажет.

– Судың сапасы туралы не дер едіңіз?

– Ұзынағаш ауылының орталықтандырылған жаңа су қоймасы бойынша 6 су ұңғымасы бар. Әрқайсысы 250 метр тереңдіктен суды сорғымен тартып шығарады. Су аудандық ҚДС Басқармасында тоқсан сайын толығымен зерттеледі және өзара келісімшарт қарастырылған. Суды хлорлау жұмыстары жүргізіліп, арнайы сараптамадан өтіп тұрады. Сондай-ақ, өз күшімен жерді бұрғылап су шығарған

тұрғындардың арнайы сараптамадан өтпеген, 10-15 метрден тартылған суларының ішуге жарамдылығы да күмәнді. Ол түрлі аурулар туғызуы мүмкін. Сондықтан әрбір тұрғынның «Жамбыл су құбыры» мекемесінің су жүйесіне қосылуын сұраймыз.

– Әр тұрғынға берілетін су тарифінің құны қанша?

– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің бұйырығына сәйкес 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Ұзынағаш ауылындағы су жүйесі тарифінің бағасы жеке тұлғалар үшін бір текше метрі 132,16 теңге, ал кәріз жүйесінің тарифі жеке тұлғалар үшін 75,30 теңге.

– Алдағы уақытта өз салаңыз бойынша атқарылатын жұмыстардың жоспары қандай?

– Болашақта жаңа су құбырының қолданысына Ұзынағаш ауылын толық қосуды жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта атқарылар міндеттер көп. «Жамбыл су құбыры» мекемесінің штат кестесін ұлғайтып, техникалық базасын өсіріп, тағы да елді мекендерді сумен қамтамасыз ететін жоспарымыз бар. Жыл сайын орындалатын бағыт-бағдарламалар бойынша біз өз жұмысымызды атқарып келеміз.

– Ауданда түрлі қайырымдылық іс-шаралары өтеді. Оған сіздер қаншалықты үлес қосасыздар?

– Қайырымдылық іс-шараларына белсене қатысамыз. Аудандық білім басқармасынан түскен ұсыныстарға қарсылық білдірген емеспіз. Мысалы, жетім, көпбалалы отбасынан шыққан, тұрмыстық жағдайы нашар балаларды лагерьге жіберу, киіндіру сияқты түрлі қайырымдылық іс-шараларына қолғабыс беріп тұрамыз.

– «Атамекен» газетінің оқырмандарына қандай тілек айтар едіңіз?

– Аудан өмірінің айнасы – «Атамекен» газетінің оқырмандары көбейе берсін. Оларға айтарым, бұл басылым аудандағы оң өзгерістерді, игі істерді насихаттауда алдыңғы лекте тұрғандықтан оны сүйіп оқыңыздар, қол үзбеңіздер. Сіздердің әрбір күндеріңіз қуаныш пен қызыққа, шаттық пен берекеге толы болсын деймін.

– Әңгімеңізге көп рахмет.

Сұхбаттасқан:

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Латын әліпбиіне үрке қарамайық

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» деген екінші бөлігінде латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғалды. Ол жерде Елбасы 2025 жылға қарай іс қағаздар мен мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін латын әліпбиімен басып шығаруға тиіспіз деді.

Иә, бұл жаңалыққа кейбір азаматтар үрке қарағанымен, ол заман талабы. Біз латын әліпбиіне көшіп жатқан жоқпыз, керісінше латын әліпбиіне қайта ораламыз. Кезінде бүкіл халық бір әліпбиді қолданатын, ол – тете жазу еді. Яғни, араб әліпбиінің негізінде жасалған оны ең алғаш Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған болатын. Бұл әліпбидің біршама айырмашылықтары болды. Сол жылдары бүкіл түркі халықтарының ішінде әліпбидің ең ыңғайлысы, ең қолайлысы қазақтарда деп саналған.

Кейіннен 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиін қолдандық. Сол кезеңде латын әліпбиіне көшуді ең алғаш әзірбайжан және қазақ халқының зиялылары бастаған. Түркі халықтары жиналып, Бакуде үлкен конференция өткізіп, латын әліпбиіне көшуді дауысқа салып, сол жерде шешім қабылдаған. Содан кейін Түркия халқы бауырларымыздан айырылмайық деп, олар да латынға көшкен. Ал, бізді 10 жылдан кейін кириллицаға аударып жіберді. Біз кириллицаға өткенімізбен, өзге түріктілдес халықтар әлі де латын әліпбиін пайдаланып, қолданып келеді. Олар латын әліпбиін қолдану арқылы өздерінің тілдік құрылымын жоғалтпады, сақтап қалды. Яғни, біз де латын әліпбиіне көшсек, өз тілдік құрылымымызды жоғалтпайтынымызды ұғынуымыз керек. Оны үйрену алдыңғы буын өкілдеріне қиындық тудырғанымен, бүгінгі жастарға қиын болмасы анық. Себебі, қазіргі жастардың дені ағылшын тілін жетік меңгерген. Олар әлеуметтік желілерде бір-бірімен хат алмасқанда да көбіне осы ағылшын тіліндегі әріптерді қолдану арқылы бір-бірімен тілдеседі. Сондықтан біз латын қарпіне көшсек ұтылмаймыз, керісінше ұтамыз деп ойлаймын.

Қапиза АБДУСАЛАМОВА,
“Саурық батыр” атындағы Көкөзек орта мектебінің директоры.



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ел өміріне қаншалықты серпін бергенін айтып жату артық. Соған сай Елбасының осынау бағдарламалық бағалы құжатқа айналған еңбегі төңірегінде ой сараптап, өзіндік пікірі мен ұсыныстарын, тарихи-танымдық тың шығармашылық ізденістерін баспасөз арқылы көпшілікке жеткізуді мұрат тұтатын жерлестеріміздің көп екенін жақсы білеміз. Осыны ескере отырып, бұған дейін де қоғамдық белсенділігімен танылған авторларымызға көкжиекті кеңірек ашу мақсатымен газет ішінен төрт беттік «Серпіліс» атты қосымша газет шығаруды жөн санадық.

Біздің қадірлі оқырмандарымыз! Сіздер енді рухани жаңғыруға байланысты аса маңызды тақырыптарды бұрынғыдан да терең зерделей түссеңіздер болады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт болашағы үшін істелетін жұмыстың ұсақ-түйегі жоқ. Қоғамда, күнделікті тұрмыс барысында өздеріңізді толғандырған жайттар туралы қалам тербеп, көпшілікпен ой бөлісіңіздер.
«Барлығының бастауы – Сөз» деген ізгі хабар естеріңізде шығар. Сөз арқылы (әсіресе, ол көшелі сөз болса) қыруар іс жүзеге асып жатады. Ендеше, газет қосымшасының мағыналы да мәнді шығуына жаппай атсалысыңыздар.
«Атамекен» газетінің редакциясы.

«Ар мен айбын, ерлік пен даңқ»

Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым ету мақсатында «Ар мен айбын, ерлік пен даңқ» атты Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Аталмыш шараға Ауған соғысының ардагері Әділхан Жұмахан, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабаяев, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кеңесшісі Раушан Аманқұлова, «Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығының» мамандары, ауылдық округ

мектептеріндегі алғашқы әскери дайындық пәнінің ұстаздары және жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушылар мен «Жасыл ел» еңбек жасақшылары қатысты. Ауған соғысы жайлы ардагер Әділхан Жұмахан біраз оқиғаларымен бөлісті. Жиынға келген ардагерлер келешек ұрпақты рухани жаңғыруға сай саналы, патриот болуға шақырды. Өйткені қазіргі ұрпақ ертенгі ел көшін бастайтын тұлға.

Т.БОЛАТХАН,
«Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» КММ филиалы – «Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығының» кеңесшісі.

Болашаққа бірге бағдар жасай білейік

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқып, ой түйсігінен өткізе білген әрбір жан өзіне керекті мағлұматты ала алады деген ойдамын. Себебі, бұл мақаланың әр тарауы мен бөлімдерін оқып отырсаңыз, келешекке жасалған кемел дүниенің кереметтігін байқайсыз. «XXI ғасырдағы ұлттық сана» тарауында Елбасы «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау» және «Білімнің салтанат құруы» жөнінде айта келе, біздің еліміз тек өндіріспен, кәсіпкерлікпен ғана өзге мемлекеттермен терезесі тең мемлекет болуды емес XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек деді. Ол дегеніңіз, мәдениетімізбен, білімімізбен, сапалы дүниелерімізбен ел болашағын қамсыздандыру. Сондай-ақ, атадан балаға мирас болып қалған кең байтақ жеріміздің қадірін түсіну.

Өткен ғасырда бірнеше жылдың ішінде түгін тартсаң майы шығатын миллиондаған гектар құнарлы жеріміздің құнарсыздануын тілге тиек еткен көшбасшымыз бүгінгі ұрпаққа бабадан қалған аманатты сақтай білуді айтты. Сонымен бірге ұлттық салт-дәстүріміз бен тіліміз, дініміз, музыкамыз

бен әдебиетіміз бойымызда мәңгі сақталып қалуы баршамыздың парызымыз деді. Яғни, кешегі өткен Абайдың даналығы мен Мұхтар Әуезовтің ғұламалығын, Жамбылдың жыры мен Құрманғазының күйін жас ұрпақтың санасына сіңіре біліп, болашақ ұрпақты ұлтының патриоты болуға шақырды. Осындай үлгі тұтар ойшылдарымыз бен дәулескер күйшілермізден қалған өнерді, әдебиетті сақтай отырып, өзіміздің ұлттық кодымызды жоғалтпауды қадап айтты.

Бұл мақалада қазақ халқына керекті дүниенің барлығы бар. Оның бірден-бір дәлелі «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі жаңа оқулық» жобасы. Бұл да қуантарлық жаңалық. Олай дейтін себебім, егер біз әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударсақ, қазақ жастарына дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалар еді. Бұл жөнінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болды. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті уақыт ұттырмай ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың

қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек», – деді.

Осы мақаланы оқи отырып кәсіпкерлікпен шұғылданатын, басқа да салада қызмет етіп жүрген жандарды өзінің туған еліне, туған ауылына қамқорлық жасау керек деген Елбасы сөзі жаныңды жадыратары анық. Егер шынымен сондай азаматтарымыз көптеп кездесіп, әр ауылдан шыққан беделді азаматтар өз туған жеріне көмек қолын созса, әр ауыл гүлденіп, түрленіп, ерекше түрге енер еді. Ондай азаматтар ауданымызда аз емес. Тәуба. Бірақ, бүгінгі өсіп келе жатқан жас буын өкілдері солардан үлгі алып, еліне, жеріне қамқор бола білсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Кімде-кім осы мақаланы оқып, соған сай амал ете білсе, еліміз бірнеше онжылдықта алпауыт елдермен терезесі теңесіп, мәдениетімен, саясатымен өзгеге үлгі болар еді. Ал, бұған ел болып атсалысып, құптамасақ, өткен тарихтың шаңына көміліп қала береріміз анық. Елбасымен бірге рухани жаңғыру жолында аянбай еңбек етіп, болашаққа бірге бағдар жасай білейік, ағайын!

Е.ЕРНАР.

• ЗЕРДЕ ДӘПТЕРІНЕН

«...Жалпы атауы «математика» болғанымен бұл ғылымның, зерттейтін объектілері мен қолданатын тәсілдеріне байланысты, бір-бірінен оқшау әлденеше тармағы бар.

ГЕДЕЛЬ ТЕОРЕМАСЫ

Солардың кейбірінің, мысалы, «Сандар теориясы» деп аталатын тармақтың кейбір өте маңызды есептері екі жүз-үш жүз жыл бойына сол бір тұрып қалған орнынан жылжымаған, яғни шешілмеген. Және ол есептердің әрқайсысының жолында көптеген өте қабілетті, ірі математиктердің «сүйегі қалған», яғни олар әлгі есептерді не шеше алмаған, не оларға қолды бір сілтеп, басқа түйінді мәселелердің тағы біреуімен айналысып кете алмаған. Ал математик үшін қандай болсын есептің шешілмеуі, шықпауы – бақытсыздықтың ең үлкені. Әлгі әпендеге салсаң, дәл сол сәтте бүкіл аспан астында бұдан өткен бақытсыздық болуы еш мүмкін емес!

Сонымен, «Бұл неткен пәле, не қылған феномен?!» деп, кейінірек бұл мәселемен «Математикалық логика» деп аталатын саланың мамандары шындап айналысады да, ақыры Австрия математигі, логик Курт Гёдельдің атақты теоремасы дүниеге келеді. Бұл теореманың түйіні мынадай: «Қандай болмасын тұйық, яғни оқшауланған жүйе (математикада – оның жекелеген салалары) өзінің ішкі түйіндерін, проблемаларын (математикада бұлар – есептер) тек қана сол саланың ішкі мүмкіндіктерін, ресурстарын пайдаланып (математикада бұлар – сол саланың ұғымдары және сол ұғымдарға жасалатын әртүрлі амалдар мен түрлендірулер) түгел шеше алмайды!». Міне, гәп қайда жатыр!

Бұл заңдылықтың ашылуы математиктер үшін ұлы жаңалық, өлшеусіз олжа болды да, олар енді бұл ғылымның қай саласында болсын өзге салалардың мүмкіндіктерін (ұғымдарын, амал-тәсілдерін) еркін пайдалана бастады. Сөйтіп, бұған дейін маңына «жан баласын жолатпаған» есептердің біразы өз шешуін тапты. Әйтпесе, бұрын әр саланың есебі тек сол салаға ғана тән тәсілдерді пайдаланып, яғни «таза» жолмен шығарылуы тиіс делініп келген болатын.

...математика тек қана мүлтіксіз логика заңдарына сүйенетіндіктен, бұл ғылымда ашылған заңдылықтар көбінесе табиғаттанудың өзге салаларында да жемісті пайдаланылады. Соның бір мысалы – мына біз өте ынталанып, қадала сөз етіп отырған мәселеде де Гёдель теоремасынан туындайтын бұлтартпас шындық, заңдылық мынадай: адам жер бетінде (немесе кейін мүмкіндігі өсіп, ғарыштың бізге жуық бөлігінде болсын, бәрібір) біршама оқшауланған тұйық жүйеде өмір сүреді. Себебі, жалпы ғарышқа қатысты ол білмейтін немесе ашылмаған заңдылықтар әлі жеткілікті; осы жағдайда, кім болсын мейлі, адам баласының: «Менің ақиқатты түп-түгел білуім керек!» – деп үзілді-кесілді мәлімдеуі, «Олай ету менің заңды құқығым!» деп қасаруы – әрі бекершілік, әрі керасқақтық, іске асырылуы мүмкін емес талап. Білген үстіне біле берерсің, бірақ, тіпті осы Жер шарының көлемінде де, ақиқатты түгел сарқып біле алмайсың! Көнсең де, көнбесең де шындық осы, «көкесі!».

Қайыр ҚҰРАҚҰЛАН.
«Қ.Ә.», 2.08.2013 жыл.

♦ Рухани жаңғыру: «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы

Елім дейтін ұл болмаса...

Қазақ аңыздарында және шығыс халықтарында ертеден айтылып келе жатқан ерекше қайырымды, жомарт кейіпкер бар. Ол – Атымтай Жомарт. Сонау VI ғасырдан бері халық арасында өзінің ерекше мәрттігімен күні бүгінге дейін елдің жадында аңыз болып қалу тегіннен тегін емес шығар. Әр дәуірдің өз батыры болғаны сияқты біздің мына өмір сүріп отырған қоғамның да ерекше адамдары көп.

Күн сайын қарыштап дамып бара жатқан өркениет заманында бүкіл әлем келешегін кемел етуге бет бұрды. Осы тұста ел болып, тарихи құндылықтарын сақтап қалған елдің болашағы жарқын болмақ. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы дәл осындай тамыры терең, түйткілді мәселені дәп басып жүрне оған ұтымды жол сілтейтін ең негізгі ұлттық құрал.

Аталмыш мақаланың «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы төңірегінде әңгіме өрбітсек, ақындар мен батырлар елінің әр ауылында еліне ерен еңбегі сіңген тұлғалар көп. Ауыз толтырып айтарлықтай Атымтайларымыз да баршылық. Солардың ішіндегі тегеуірінді еңбегімен телегей табысқа жетіп, туған жердің өсіп-өркендеуіне зор көмек беріп жүрген азаматымыз – Темірлан Шайнұсіповты айтқанымыз жөн болар.

Темірлан Шайнұсіпов 1960 жылы шілденің 3 күні Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақтерек ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 1983 жылы зоотехник мамандығын алған. Алғашқы еңбек жолын 1983-1992 жылдары туған ауылындағы «Ақтерек» қой кеңшарының зоотехнигі болудан бастаған. 1992 жылы «Беріктас» қой совхозында бас зоотехник, 1993-1996 жылдары Сүйінбай атындағы қой совхозының директоры болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тіршіліктің саябырсыған тұсында қиындықтарға қарамастан, белсенді және абройлы еңбек еткен Темірлан Шайнұсіпов 1996 жылдың 6 мамыр күні Ақтерек селолық округінің әкімі болып тағайындалып, ауыл әкімі қызметін 1999 жылға дейін атқарды. Осы жылдың 3-ші наурызы күні «Ақтерек» жекеменшік ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің төрағасы болды. Содан бері бүгінге дейін осы шаруа қожалығының басшы болып жемісті әрі жетістікке толы жұмыс атқарып келеді.

Иә, адамзаттың өмір жолында адал еңбек әрқашан ерекшеленеді. «Елім дейтін ер болмаса,



ерім дейтін ел қайда?» – демекші, ел игілігіне ерен еңбек еткен азаматтардың халық алдында ылғи да жүзі жарқын. Темірлан мырзаның біліктілігі мен еңбекқорлығы өз шаруа қожалығын үлкен табыстарға жеткізді. Бұл жетістіктер кәсіпкердің ғана емес, ауылдастарының да тұрмыстық деңгейін көтере түсті. Ауданның экономикалық қуатына да өзіндік үлесін тынбай қосып келеді.

Кәсіпкер ең әуелі Ақтерек ауылындағы қараусыз тұрған ескі ғимараттарды қайта жөндеуден өткізіп, қолданысқа беруден бастады. Міне, соның нәтижесінде осы ауылдың ішінен «Ақниет» тойханасы бой көтеріп, той-қуаныштың көбі сол жерде атқарылуда. «Болашақ» сауда-сауықтыру орталығы ашылды. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмыстық қажетіне керек бірнеше дүкендер ашылды. Осындай игі істерге себепші болған қожалықтың басшысына ел-жұрт дән риза.

Көлік жүрісіне қиындық туғызатын кейбір көшелердің жолын жөндеп, көпірлер салғызды. Ауыл шаруашылығына қажетті техникаларды өз қаражатымен сатып алып, осы ауылдың егістік жерінің кеңеюіне тікелей себепші болды. Әрине, өндіріс, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы сынды тіршіліктің көлемі артқан сайын сұраныс та көбейе түседі. Тұрмыстық қажеттілік те үдей түспек. Осыны ескерген «Ақтерек» шаруа қожалығының басшысы Темірлан Шайнұсіпов ауыл тұрғындарына 60 үй салып берген. Бұл қамқорлықты тұрмысы төмен отбасылары мен жұмысшылар көрді. Ауыл азаматтары 100 жұмыс орнымен қамтылды. Осындай жомарттықпен жасалған сауапқа толы игі істер тоқталған емес. Әлі де арта түсуде. Оған дәлел, дәл осы күні тағы да 20 үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл үйлер де сол ауылдың кем-кетігін толықтыратын

қыруар көмек. Темірлан мырзаның туған еліне деген шексіз махаббатын атқарып жатқан қайырымдылығынан аңғаруға болады.

Айта берсек, басқа да атқарылып жатқан абыройлы шаруалар жетерлік. Ауылдың көркін келтіру мақсатында мекеме аулаларына 500 түп көшет отырғызылды. Ауыл мешітінің құрылысына да көмегін аяған емес. Сонымен қатар жастардың саламатты өмір салтына бейім өсуі үшін салынған шағын футбол алаңының құрылысына да тікелей демеуші болды. Осы ауылдың жаңадан өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріне арналған «Дария» жекеменшік балабақшасын ашқаны бүкіл ауылдастарын қуанышқа бөледі.

Ауыл шаруашылығы салсындағы қажырлы еңбегі және агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін Темірлан Шайнұсіповтің еңбегі жоғары бағаланып, 2008 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен марапатталды. 2012 жылы облыс және аудан әкімінің Құрмет Грамоталарына ие болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 қарашадағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл» және 2014 жылғы желтоқсан айының 2-де Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан мәслихаттарына – 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды.

Туған жеріне, ел-жұртына ерекше құрметпен қарайтын Темірлан мырзаның осындай ұшан-теңіз сауапқа толы азаматтық ұстанымына ризашылығын білдірген аудан басшысы 2015 жылдың қаңтар айында оған «Жамбыл ауданының құрметті азаматы» атағын берді. Міне, нағыз құрметке лайық азамат деп осындай жомарт жандарды бағалау – көрегенділік! Ауылдастарының мақтанышына айналған, жаны жайсаң, қолы жомарт Темірландай ағаларына қарап өскен ұл-қыздар осы бір асыл қасиетті өз бойына сіңіретіні анық.

Қайырымдылық – қазақ баласы бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Ал оны жасау, қамқорлыққа зәру жандардың жанашыры болу, аялы алақанын, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске қолынан келгенше көмектесіп, үлесін қосу адамның адамзаттық парызы. Әрине, қамқорлық жасау, өзінде барды өзгемен бөлісу, мұқтаж, көңілі жарым жандарға қол ұшын беру жомарттықтың белгісі. Жомарт жандар көп болғай!

Бақтияр АЙТАЛЫ.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данағөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

БЕЛГІСІ

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр», – дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.

Мемлекет басшысы қазіргі медиа мәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастыратындығын, мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиістігін баса атап көрсетеді.

Е.ЕСҚОЖА.

Рухани жаңғыру рухты көтереді

Әлемдік бәсекеге білек түре кіріскен қалың елдің арасында Қазақстан да өз деңгейінде қарыштап даму үстінде. Болашақтың баянды болуына әр халық өз құндылығымен жетуі керек. Өйтпесе, ұлттың болмысы, халықтық мәдениеті солғындай түсетіні даусыз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы зер салып оқыған адамға өте түсінікті әрі парасат биігінен айтылған ұлттық бағдар. Осы мақала туралы мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков: – Қасиетті Ұлытаудың етегінде, Әулиелі бақтың басында жайғасып отырып, тұңғыш рет Елбасы тәуелсіздік алғалы өзінің халқымен, туған ұлтымен сырласып еді. Бұл жолы Президент ендігері не нәрсеге мән беруіміз керектігін кеңінен толғайды. Оның балалардың көбі ата тарихынан, ата дәстүрінен алшақтаңқырап кеткені туралы айтқаны есімде. Елбасы цифрлы Қазақстан, үштілділік, конфессияаралық келісім төңірегінде ой өрбіткен» – дейді.

Иә, бұл ұлттық құндылықтың саябырсуына алаңдаушы адамның жан айқайы. Заманның ағымына

ілесө отырып соңымызда ақсап, қалып бара жатқан тарихи-мәдени құндылықтар мен ұғымдарды да қатар алып жүру әр қазақтың ұлт алдындағы парызы.

Әр халықтың мәдениеті бір-біріне ауып жатқан тұста біз жастарға оң бағыт бере білуіміз өте қажет. Себебі, жас буын адасқыш келеді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ел дамуының барлық бағытын қамтыған бағдаршам іспеттес.

Қазақ халқының мәдениеті, оның тарихы, рухани болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдағы қарама-қайшылықтар және оның болашағы қай кезде болсын қоғам назарынан тыс қалған емес. Өзге халықтар таңырқайтын болар, қазақ халқы салт-дәстүрге, ырым-тыйымдарға, әдет-ғұрыптарға өте бай халық. Дәл осы ұрпақтан-ұрпаққа тарап, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, қазақи мінезді сіңіріп отырған.

Біздің болмысымыздағы дәл осы ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлер тылсым күшпен астасып тұратын сыңайлы. Бірақ, дәл қазіргі уақытта ескіріп, заман

талабына сай ығысып, болмаса қосылып жатқандары да аз емес. Мұны әр адам өзінше қабылдап, өзінше жүзеге асыруда. Мысалы, дәл қазір әр отбасының ішінде ғана орындалатын салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар пайда болуда. Міне, мұны біздер дәстүр, отбасылық қағида деп айтып жүрміз. Бұл дәстүрлеріміз бен ырымдарымыз ескірді деп тандап, саралап, болмаса қолданыстан мүлдем ысырып тастау, және ол туралы ұмыту деген сөз емес. Халық шамасының келгенінше көне ұғымдарды жаңғыртып, заманға икемдеп қолданып жүр. Бұған да қарын тойып қалады кейде.

«Жаңа заман келді екен» – деп ұлттық болмысымыздан айырылып қалмайық! Қазақты қазақ атандырып, өзге ұлттардан ерекшелеп отырған дәл осы әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар және шұрайлы тіліміз бен діліміз екенін ұмытпалық!

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүние. Осы ырымдардың ішінде балаларға арналған немесе балаларды тәрбиелеуге

байланысты кездесетін ырым-тыйымдар қатары өте мол.

– Үйге кіріп келе жатқан бала құлап қалса – үйге береке, ырыс келеді;

– Бала жол қараса – қонақ келеді;

– Бала тілін шығарса – хабар келеді;

– Баланың желкесі терең шұңқыр болса – қырсық болады;

– Сәби шалқасынан жатып ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі деген сияқты саны көп, мағынасы жақсылыққа бейім ырым-тыйымдар ата-бабаларымыздың болашақты көріп білгендігін көрсетеді. Олар бала тәрбиесіне мұқият қараған.

Сонымен қатар күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпай, қолданыстағы ырымдар санатында жүрген, егер бір үйде қыз туа берсе, келесі бала ер бала болып тусын деп оған ұлдың атын қою сияқты ырымдарды айтуға болады. Ал бала кезімізден естіп өскен мына қатарлы, яғни үй тұрмысына қатысты ырым-тыйымдарды көненің көзі санап, әлі күнге дейін қолданып жүрген ата-әже, ата-аналарымызға қарап қазақы мінездің иісін сезесіз.

«Түнде сандықты ашпайды – біреу қайтыс болады», «Жанып тұрған шырақты

үрлемейді – адам ұмытшақ болады», «Шәугімнің шүмегін есікке қаратып қоймайды – ырыс-несібе келмейді», «Есіктің босағасын керуге, табалдырыққа тұруға болмайды – жау шапқанда ғана үй иелері босағаны керіп, табалдырықта тұрған» деген сияқты ұғымдар көне заманның тіршілігінен алынғаны көрініп тұрады.

Басқа да тыйымдарды тізбектесек саны шексіз. Солардың ішінде ұстанбасқа болмайтын, бұлжымас салтымыз да бар. Мысалы, жеті атаға дейін қыз алыспау. Бұл – қан тазалығы. Бабалардың даналық ұғымының ең қымбат саласының бірі.

Әр халықтың сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы мол. Ол ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып қалыптасты, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесінде рухани байлық болып жаңғырды. Бұл ұлтқа керек болмыстың бір маңызды саласы болып қала бермек. Ендеше, осы ата-баба мұраларын қадірлеп, жоғалғанын толтырып, көнергенін жаңартып, қайта жаңғырта түскеніміз жөн шығар.

Бақтияр САРЫБАС.

ЕҢ КӨРНЕКТІ, ЕҢ ҚАСТЕРЛІ

Жамбыл селолық округі туралы әуезе

«Туған жерге туынды тік» демекші, әрбір адамға оның туып-өскен, кіндігін кескен жері ең ыстық, әрі ең қасиетті мекен саналады. Өйткені мұнда ата-ананның асыл бейнесі, балалық шағынның ең кимас суреттері сақталған. Әрбір тауы мен тасы өзіне тартып тұрады. Ауылдан түлеп ұшқан азамат туған жеріне бір барып келгенде марқайып, рухани қуат алып көтеріліп қалады. Иә, Жамбыл селолық округінде ақындар мен батырлар елінің ірілер мен ұлылар шыққан ең киелі мекені десек қателеспейміз.

Бұл округке негізінен төрт ауыл – Жамбыл, Қызылөскер, Саурық батыр (Көкөзек), Бірлік елді мекендері кіреді. Ұлы бабаның есіміне сай аймақтың терең тарихынан талай-талай зерттеушілер қалам тербеген. Оның табиғаты мен елі туралы жазылған еңбектер, ақындар мен жазушылардың шығармалары да мол. Майтөбе мен Көктөбеден бастау алатын Төңіреккүршін, Көкөзек, Құтырған өзендерінің бойына қатар-қатар тізіле орналасқан ауылдардың бүгінгі көркі де тамаша. Әрине, оның өркендеп дамуына көптеген азаматтардың еңбегі мен елеулі қызметі сіңген. 1926-1927 жылдары бұл мекен 6-шы ауыл деп аталған. Онда Нұрбек Сазанбаев, Жанқұтты Еділов, Бәкір Сыпатаев, Бәкір Тұрысбеков сияқты ел азаматтарының есімі ерекше аталады.

Тарихы тым әріден басталатын ауылдық округте Жамбыл ауылы 1930 жылы, Саурық батыр ауылы 1927 жылы, Қызылөскер ауылы 1933 жылы, Бірлік ауылы 1927 жылы негізін қалады. Жері шаруашылыққа жайлы, қазір нарық талаптарына сай округ аумағында жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 300-ден астам жеке шаруа қожалықтары бар. Олар ауыл шаруашылығымен белсене айналысады. Жалпы жер көлемі 98112,0 гектар, егістік алқаптары 8117,9 гектар, оның



ішінде суармалы жері 965,7 гектар, шабындығы 342 гектар, жайылымы 87610 гектар, таза қоныс аймағы 169,6 гектарды құрайды.

Бүгінде осы өлкеде туып өсіп, қанаттанған мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар санатымен мақтануға болады. Мәселен, Жамбылдың жалғасы, Қазақстанның халық ақыны, марқұм Әлімқұл Жамбылов, өнерпаз Қымбат Жексебаева, ақын-жазушылар, журналистер қатарындағы Баймолда Мусин, Орысбай Әбділдаұлы, Нұрманбет Қизатұлы, Жұмабай Шаштайұлы, Күмісжан Байжан, Нағашыбек Қапалбекұлы, әдебиет зертеуші ғалым, марқұм Рафат

Әбдіғұлов сынды т.б. дарын иелері елінің абыройын арттырды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Жамбыл селолық округі ерекше көркейе түсті. Мұндағы ұлы ақынның әдеби-мемориалдық музейі, мәдениет үйі, орта мектептер, өнер мектебі, 1 емхана, 3 дәрігерлік қосын, ішкі қатынас жолдары жөндеуден өткізіліп, тұрғындарға лайықты қызмет көрсетуде. Киелі мекен үлкен мәдени орталықтың біріне айналды, ол ауданымыздың ең көрнекті округі саналады.

Майра ТҰРСЫНҚЫЗЫ.

Бабадан қалған бай мекен

Жамбыл ауылы түгін тартсаң, майы шығатын малға жайлы, егінге қолайлы жайлаулы мекен. Ол 1930 жылы «Ерназар» колхозы болып құрылған. Алғашқы партия ұйымын Қиякбай Меркінбаев басқарды. Колхоз белсенділері – Әбдірахым Рысқұлбеков, Бокбасар Әдеев, Күлмен Демеуқұлов, Рахмет Жомартов, Нүсіпбек Рысбаев сынды азаматтардың ауылдың өркендеуіне еңбегі ерен. Ал, 1936 жылы әйгілі ақын Жамбыл Жабаевтың 90 жылдығына орай «Ерназар» колхозына Жамбылдың есімі берілді.

1936 жылдан Жамбыл атындағы колхозды ақынның немере інісі Тұрап Мыржиев атамсыз 1950 жылға дейін басқарды. Тұрап атамсызбен бірге партия ұйымын басқарған Кәден Қорғанбаева апамыз еді. Осы бір тұс көнекөз қариялардың айтуынша Жамбыл колхозының дәуірлеу кезеңі болыпты. 1981 жылы колхоз таратылып, совхоз шаруашылығы құрылды. 1993 жылы совхоз тарап, акционерлік қоғам болып қайта құрылды. Қазір ауылда жүздеген шаруа қожалықтары бар.

Жамбыл ауылы Ұзынағаш өзені аңғарының бойына, Алатау сілемдерінің бірі Майтөбе тауының баурайына жайғасқан. Жамбыл атаның ізі қалған ауылдың тарихы шежіреге толы.

Жыр алыбы Жамбыл бабамыз 1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндікте Сталинмен кездесіп, «Еңбек Қызыл Ту» орденін алған. Осы мекенде мәңгілік жырларын өмірге әкеліп, әлемге атағы жайылған. Импровизатор, XX ғасырдың Гомері, халық ақыны Жамбылдың қасында әдеби хатшылары Тайыр Жароков, Ғали Орманов, т.б. бірге ілесіп, суырып салған өлеңдерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа қалдырған. Жамбыл атаны іздеп ауылға қазақтың

көрнекті ақын-жазушылары Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, және басқа да қаламгерлер келіп, онымен үнемі кездесіп тұрған. Жамбыл ауылының көрнекті орны – Жамбыл атындағы әдеби-мемориалды мұражай. Жамбыл атаның жерленген жері де осында.

Қасиетті топырақтан түлеп ұшқандар қатарына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Қайрат Мәмиді, Жамбыл Жабаевтың жанынан мәңгілік орын тепкен атақты сазгер, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Нұртай Әбіқаевты, академик, ғұлама физик-ғалым Төлеген Қожамқұловты, т.б. жатқызуға болады.

Әулие-әмбиелі жерлер туралы айтсақ, 300 жыл бұрын өмір сүрген атақты бақсы-балгер Түктібай әулиенің кесенесі Қызылөскер ауылына барар жолдың бойына орналасқан. Қайназардың бейіті Қарақыстаққа баратын күре жолдың бойында жатса, Қаракөтерілме асуында Медетбек батырдың ескерткіші тұр.

Қазір ауылдық округ толық газдандырылған, қаладан кем емес. Асфальт жол төселген, орталық мәдениет үйі, кітапхана жүрделі жөндеуден өтті. Ауылдың табиғаты адам жанын рахаттандырып, көңілін жадыратады. Сарқыраған Ұзынағаш өзені жүздеген бұлақтардан бастау алып, ауылдың үстімен ағып өтеді. Жаз жайлауда малы жайылған тұрғындардың атақты жайлауларына: Көктекше, Қаратас, Омарта, Көктөбе, Майтөбе жатады.

Жамбыл ауылының төңірегі сұлулықпен жайылыққа бөленген. Бүгінгі тұрғындар көркем мекенді көзінің қарашығындай сақтап, бабалардан қалған байлықты аялап отыр.

Жанат ТҰРАПОВ,
Жамбыл ауылы ардагерлер
ұйымының төрағасы.

Саурық батыр ауылындағы мектептің салыну тарихына көз жүгіртсек, 1927 жылдың көктемінде Саурық батыр атында артель ұйымдасып, оның төрағасы болып Бәкір Сыпатайұлы бекітілген. Бәкір өзінің бес бөлмелі

БОЛАШАҚ БІЛЕ ЖҮРСІН ДЕП...

қызыл шатырлы үйін мектеп ашу үшін үкіметке өткізіпті. Сөйтіп, 1927 жылы күзде ауылда алғаш сауат ашу мектебі ашылып, оның меңгерушілігіне Атағұл Момынқұлов деген азамат бекітілген.

Мектеп бағдарламасында оқушылар 1929-1939 жылдар аралығында латын әліппесімен оқытылды. 1949 жылдан бастап, жетіжылдық жүйеге көшіп, ауыл тұрғындарының сауатын ашу жұмыстары қызды. 1957 жылы ауылдық Кеңес атына сай Бірлік жетіжылдық мектебі болып атауы өзгертілді. 1962 жылдан бастап жаңа білім реформасы бойынша Бірлік мектебі сегізжылдық білім жүйесіне көшті.

Бұл мектепте жазушы Ғ.Мұстафин, суретші Ә.Қастеев, халық әртістері З.Шәріпова, К.Қармысов, Т.Жайлыбаев және С.Садырбаев, З.Қабдолов, С.Шаймерденов, М.Өтебаев, Р.Бердібаев сынды өнер мен ғылым саңлақтары, әдебиет зерттеушілері, жазушылар танымдық тағылымы мол кездесулер өткізген. Осынау рухани кара шаңырақ еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы орта мектепке айналып, заманауи техникалармен жабдықталды.

Ал, Жамбыл ауылдық округіне қарасты Қызылөскер ауылдық мектебінің ғимараты 1934 жылы Көкбастаудың басындағы ескі мешіттің орнында болған. Оның бірінші директоры Тұрсын Нұрбеков деген азамат еді. 1936 жылы мешіт бұзылып, мектеп Қызылөскер ауылындағы Үмбетқұл ұстаның үйіне ауыстырылды. Мектеп меңгерушісі Мансұр Аязбаев деген азамат еді. 1937 жылы төрт кластық, екі бөлмелі жаңа мектеп ғимараты салынып, пайдалануға берілді.

Онда Зәуре Жанқоразова, Дуғанов деген ұйғыр, Сейілхан Үсенова, Мәсімхан Берібаев, Жолдас Исабаев деген мұғалімдер дәріс берді. Сондай-ақ, сол мектепте әр жылдары Саркытбай Көбеев, Әбдіразақ Мәми мектеп меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарды.

Мен 1952 жылы Қызылөскер ауылдық мектебінің I сыныбына бардым. Алғашқы ұстазым Тұрар апай болды. Қанша жылдар өтсе де оның бізге деген мейірімі ұмытылмайды. Біздің класка сондай-ақ Саркытбай, Наурызбай деген ағайлар сабақ берді. Ал, 1960 жылдан бастап мұғалімдер қатары көбейді. Жолдас ағай бастауыш сыныпта, ал Мәсімхан ағай орыс тілінен сабақ берді. Мектептің жанында бір бөлмелі кітапхана жұмыс істейтін. Бәріміз сабақтан кейін қас қарайғанша кітап оқитынбыз.

Өзіміз туып-өскен Қызылөскер ауылының шежіресі терең, табиғаты бай. Ауылдан шыққан әулие-әмбиелер қатарында Түктібай бақсыны, Шірікбай жассыны және Бейсенбі дамолланы атаймыз. Кейінгі ұрпақ туған жердегі жер-су атауларын да білгені жөн. Сондықтан олардың назарына топонимикалық бірнеше атауларды ұсынбақпын. Мәселен, тауларға: Аспанқора, Көктөбе, Қақпатас, бастауларға: Тынан, Нұралы, Ақбастау, Асыл, өзендерге: Тәуке, Ұзынағаш, жер атауларына: Атабай, Көшкінбай, Шотай, Торыбай, Теренсай, Құрсай, Қонысбай кезені, Ақтайлақ, Қасқа жол, Ноғай сайы, Мекебай, Қақпатас, Бүркітүя, Ойсаз, т.б. жатқызамыз.

Әрине, туған жер тарихын зерттеу, оның өткенінен естелік айту – ауылдан шыққан әрбір перзенттің парызы. Жас ұрпақтың патриот болып өсуі ең алдымен туған жерінің шежіресін терең білуіне байланысты. Сондықтан ата салтымызды қастерлеп, өз өлкеміздің өткенін ұмытпауымыз керек.

Жұрынбай ЖАУЫНБАЕВ,
енбек ардагері.
Қызылөскер ауылы.

1938 жылы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық еңбегінің 75 жылдығы тойланды. Осы мерейге байланысты ақынға Үкімет тарапынан он екі бөлмелі тұрғын

Терең сырлы дүние

үй салынып, пайдалануға берілді. Кейін осы үй Үкіметтің арнайы қаулысы бойынша мұражайға айналды.

Ұлы Жамбыл бабамыздың 1938-1945 жылдары тұрған үйі 1946 жылғы шілденің 8-де мұражай болып ашылды. Бұл ақынды мәңгі есте қалдыру мақсатында жүзеге асырылған ең үлкен ескерткіштердің бірі еді. Осынау мәдени, рухани мұра ұлттық мәдениетіміздің жарқын үлгісі саналады.

Ақын қайтыс болғаннан кейін өтініші орындалып, сүйегі жалпы қорымнан бөлек, өз ауласындағы алма бағының ортасына жерленген. 1946 жылы Жамбылдың туғанына 100 жыл толуына байланысты биіктігі 18 метрлік шығыстық архитектура үлгісімен кесене (мавзолей) салынған. Кесененің жобасын жасаған Қазақстанның халық суретшісі Ә.Қастеев, архитекторы сол кездегі Алматы қаласының бас архитекторы болған А.Белоцерковский еді. Кесене 1971 жылы ақынның 125 жылдығы қарсаңында ақ мәрмәрмен қапталса, 1983 жылы күмбезіне 4 метр қосылып, ұзартылды. Ақынның 150 жылдық мерейі қарсаңында Иран елінен арнайы алдырылған ою-өрнекті плиткалармен көмкеріліп, алдына оның желеп-жебеуші болған қызыл жолбарыстың мүсіні орнатылды. Бүгінгі күні жыр алыбы Жамбыл бабаға сиынып, құран оқытушылардың саны күннен-күнге артып келеді.

Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы – өзінше бір үлкен тарих. Оны зерттеп-зерделеу ауқымды еңбекті қажет етеді. Ал, мұражайдағы жәдігерлер болса да терең сырлы дүние. Ендеше, жамбылтану саласын игеруге ұмтылар ұрпағының әрбір ізденісті қадамына біз тек сәттілік тілейміз.

Нәзира ҚОЗБАҒАРОВА,
Жамбыл Жабаевтың әдеби-ескерткіш
мұражайының экскурсия жүргізушісі.

ҚОБЫЗ САРЫНЫ

Қол созып тұрып қалдым дәтім батпай,
Бір әуен үілдейді байыз таппай.
Қасиетті қыл қобыз кие қонған,
Үңіліп қарап қапқын қабақ қақпай.

Қасиет қара қобыз шанағында,
Кешегі күн сөйлейді сабағында.
Көн тері көмкерілген өткен өмір,
Көз ілмей тұрғандайын қарауылда.

Сан ғасыр жазылмаған парағында,
Сан тағдыр тұрғандайын тарауында.
Үнсіздік шырмап алып босатпай тұр,
Қалдырып сол үнсіздік аралында.

Иесін іздегендей қобыз сарын,
Тізбектеп кешегінің өткен бәрін,
Кеудесін көрнеген күш әсерінен,
Орайды жан дүниенді күй мен жалын.

Кешегі күн құңгірі үлінде,
Тұлпарлардың дүбірі гүлінде.
Қасиетін керемет сезіп тұрмын,
Сиғыза алмай жүректің діріліне.

Ертегі елес билеп жан-жағымды,
Шыңырау тұңғыықтан нәр алынды.
Көк күмбез аспан әлем астарында,
Бұрқырап буда-буда бұлт жабылды.

Айнала айналғандай бұлт лағылға,
Қалықтап қонып жатыр әр шағылға.
Лезде өтіп жатты кереметтер,
Күй сарын айналып бір көп сағымға.
Ақсақал аппақ құдай ақ періште
Ақырын таяп келді дәл жаныма.

Басына бұлттай өріп ақ сәлдеcін,
Таратып маңайына от сәулесін.
Айқыш-ұйқыш елестер арасынан
Ақ періште көтерді бет пердесін.
Бес ғасыр ыңыраңа безілдейді,
Басқанда қобызының бес пернесін.

Маңайлап болжау салып тым арыдан,
Қызыл тіл қуат алып шоқ қарыған.
Әулие көбиз шалып отыр әне,
Қасиет, құдірет күш дәл жарыған.

Киесін кешегінің бүгін білген,
Қым-қуып күре жолдан мекен тиген.
Әйтеуір осы арадан өткен жандар,
Табынып бабасына басын иген.

Бабамыз Түктібайға ілім берген,
Артынан таңғажайып аңыз ерген.
Қобызын қасиетті аманаттап,
Алыстап кете алмайды біздің елден.
Марат ҚҰРМАНҚҰЛҰЛЫ.



ТУҒАН ЖЕРДЕ ТҰНҒАН ЖЫР

Халқымыз Елбасының бастауымен экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болып келеді. Осындай істердің жалғасы ретінде Қазақстан «ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізу құқығын жеңіп алды. Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады. Ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған. «ЭКСПО-2017» көрмесі – Тәуелсіз Қазақстанның ең көлемді жобасы.

Бүкіл әлем көз тіккен осынау тарихи оқиға бүгінде Астана қаласында өтіп жатыр. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген халық «ЭКСПО-ны» тамашалаумен қатар, еліміздің қандай қарқынмен дамып жатқанын көріп, тандай қағысуда. Сонымен қатар, Халықаралық көрме барша әлемге осы саладағы қазақстандық ақыл-ойдың қуаты мен әлеуетін дәлелдеуде.

Еліміз «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу мүмкіндігін алғанда бәріміз қуандық. Солардың қатарында Тарғап ауылының тұрғыны, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», Жамбыл ауданының құрметті азаматы, әкеміз Ерубай Рақышев өзінің қуанышын жасыра алмай, «ЭКСПО-ны» жырға қосқан еді. Өзі өмірден өтерінен 2 ай бұрын жазылған бұл өлеңі «Зерделенген зерлі сөз» деген кітабында басылды. Алайда, бұл кітап өте аз тиражбен шыққандықтан, көпшілік назарына осы өлеңін ұсынғымыз келді. Өзі тірі болғанда, ол көрмені алғашқы тамашалаушылардың бірі болар еді.

Еліміз биіктерден көріне берсін. «ЭКСПО-2017» көрмесі зор табыспен аяқталсын.

Балалары атыннан: Толқын РАҚЫШЕВА.

ЭКСПО – 2017

ЭКСПО көрмесі – ғаламдық зор табыс,
Бұрын бізге көрінетін тым алыс.
Жүз алпыс жыл тарихы бар бұл көрме,
Әлемдегі бар елдерге сын жарыс.

Сараласаң дүниенің картасын,
Мекендеппіз құрлықтың ортасын.
Жалғастырып тарихи ұлы жолдарды,
Өркендеттік еліміздің саудасын.

Елбасының танылған даналығы,
Саясаттың әр алуан салалығы.
Ғаламдық өркендеуге әсер етті,
Қазақстанның енгізген жаңалығы.

Таныды бүкіл әлем Астананы,
Тәй-тәй басқан баладай жас қаланы.
Елбасының бастауымен салынған,
Отанымның жүрегі – Бас қаланы.

Өркендеп, Қазақстан құрмет көрді,
Өнеге тұтып талай ел соңына ерді.
Жетістігін бағалап Отанымның,
Әлемнің басым елі дауыс берді.

Өтеді елімізде ұлы көрме,
Арнайы Астанада бөлген жерде.
Әлемдегі жетістік паш етіліп,
Табыстарын көрсетер ашып перде.

Бұл көрме – елімізге зор бетбұрыс,
Еңбекпен еселеніп келген ырыс.
Абыройға ие боп, сенімді ақтау,
Ел болып жұмылатын үлкен жұмыс.

Ұлы міндет елімізге жүктелді,
Елбасы Үндеуінде сипат берді.
Халқымызға сенім артып, қуаттап,
Атқаратын міндеттерді құп көрді.

Көрмеге әзірленіп өздері де,
Келеді белгіленген кездерінде.
Әр елдің дайындалған тақырыбы,
«Болашақтың қуаттық көздерінде».

Шарықтап адамзаттың асқақ ойы,
Ұлы көрме өтеді үш ай бойы.
Шамамен бес миллион адам көріп,
Межесіне жетеді қуат тойы.

Көрме өткен ғажайып бұл қалашық,
Астанада тұрады бек жарасып.
Қуатына елімнің қуат қосып,
Отаным өркендейді зор бел асып.

Отырмыз кең жол ашып болашаққа,
Тігіліп мәуелелі ағаш біздің баққа.
Қазіргі игерілген еңселі еңбек,
Өнеге болып қалар жас ұрпаққа.

Алға халқым! Ұмтылайық топтасып,
Барлық ұлттар ниет қоса жұптасып.
Зор табыспен ЭКСПО-ны өткізіп,
Биіктерден көрінелік нық басып.

Ерубай РАҚЫШЕВ,
ақпан, 2017 жыл.

НАШ ОБЩИЙ КАЗАХСТАНСКИЙ ДОМ – МАНГИЛИК ЕЛ!

Послание возьмем мы в руки,
Изучим Президента все слова.
Перед пойдем мы с ним далече.
Где претворятся в жизнь его слова.
Ведет он нас перед давно,
Мы чувствуем крепкое его плечо.
Он создает мечту – страну,
В ней будем жить мы наяву.
Мы построим школы и дома,
В метро мы пустим скоростные поезда.
Атомные станции осветят наши города,
Заводы заработают на многие года.

Мы увеличим поголовье – животные стада,
Будет на столах у нас вкусная еда.
Шубат, кумыс, как воду, будем пить,
Заниматься спортом – жизнь свою продлим.

Мы заживаем единою семьей,
Где будут править Труд, Согласие, Покой.
Где уважение к старшим возрастет,
Где счастье свое место обретет.

В тридцатку развитых войдет страна,
По производство нефти, стали и угля.
Гигантские заводы в городах,
Машины будут делать для села.

Построим в селах, в городах,
Много школ, клубов, детсадов,
Раздолье будет детям все познать,
Учебу со спортом будут совмещать.

Мы строим новый Казахстан,
О нем мечтали предки многих стран.
Построим общий Казахстанский Дом,
Мангилик Ел его мы назовем.

В нем и дети будут жить,
О любви, о мире дружбе говорить.
Где зла не будет и тоски,
Там будут радость, счастье, смех, цветы.

Так, расцветай страна моя,
Мы все включились а твои дела.
Твой облик видим мы вдали,
Пятилетками осуществим свои мечты.

Зовет нас в будущее Послание Президента,
Оно к единой цели всех зовет.
Мы Казахстанский Дом построим,
Мы в Мангилик Ел счастливо все заживаем!

Виктор Иванович Никитин,
с.Каргалы.

БӘРІ ДЕ ҰЛТЫМ ҮШІН

Елім менің!
Мен үшін бағалысың,
Жас жанымның жығылмас жалауысың.
От жырларым, өмірім, өнерімнің –
Барлығы да сүйікті қазақ үшін.

Қазақ үшін,
Бәрі де ұлтым үшін,
Қара өлеңнен күш алған жұртым үшін.
Кең тынысты Елбасым аман болса,
Тарылта алар қазақтың кім тынысын?!

Алашым деп
Соғады ет жүрегім,
Көк байрақты көтеріп көк тіредім.
Елім үшін жан пида, мен себебі,
Сүремін өмірдің ғой тек біреуін.

Ақбота МАНАРБЕК,
Жамбыл ауылындағы өнер
мектебінің оқушысы.

МҰҚАҒАЛИ – ЖАРЫҒЫ ӨТКЕНДЕРДІҢ

Шынайы ақын, ұлы ақын, асыл ақын,
Өлеңді асқақтатып асыратын.
Қай ғасырда болмасын бар адамдар,
Әсем жырын оқуға асығатын.

Білем оны ұлысы ұлының деп,
Қадір тұтам тарихым, бұрыным деп.
Әр өлеңін мұхиттың түбіндегі,
Сыйлап өтем мөлдірім, тұнығым деп.

Ақын даңқы бұрын да еленбепті,
Төмендепті алдында, төмендепті.
Ал қазір сыр шерткен өлеңдері,
Бар әлемді қаратып елеңдетті.

Өлеңімен табиғат үн қатыпты,
Өлеңімен таң атып күн батыпты.
Өлеңімен дүние күйін кешіп,
Өлеңімен өткерді уақытты.

Мұқағали – жарығы өткендердің,
Сезе аламыз ғасырдың өткен лебін.
Мұқағали – жұлдызы жан шуағын
Адам үшін аямай төккендердің.
Алтынай ҚАНАПИЯ,
Жамбыл ауылындағы өнер
мектебінің оқушысы.


ОТАН – АНА

Мынау – Отан, мынау – Ел, мынау – жерім,
Үлкеннен «Отан не?» деп сұраушы едім.
Сонда анам тебіреніп айтар еді,
Жанұя, әр отбасы құраушы елін.
Түсінбей қалар еді бала жүрек,
Отанды біз сахарға балап жүр ек.
Сөйтсем, Отан – көлің де, елің де екен,
Пана болып бәріне қала біледі.

Мадина ПАРХАТОВА,
С.Бердіқұлов атындағы орта
мектептің 6 «е» сынып оқушысы.

ТУҒАН ЖЕР

Туған жерім, Отаным сен көркемсің,
Кеудеме жұпарынды сен төккенсің.
Панам да сен, барымсың бұл жалғанда
Тар жолда тайғақтан да сен өткенсің.
Сымбат БАҒДАТ,
С.Бердіқұлов атындағы орта
мектептің 6 «е» сынып оқушысы.



ҚАЗАҚПЫН

Аспандай ұшқан қырағы көзді қыранмын,
Ғасырлар салған, дара боп қалған жыр-әнмін.
Қиын-қыстауда бұрымын кесіп, қару ап,
Тұлпарға мініп, жауына шапқан Тұмармын.

Ақбикештер мен Айбикелердің көзімін,
Назым мен Гауһар, Ботагөздердің өзімін.
Домалақ ана, Есенбикедей дананың,
Атылған сырлы жібектей өткір сөзімін.

Айғызбын, Данай, Сапармын сонау наркескен,
Жорыққа шықса шығарған тіпті жанды естен.
Майданға түсіп, еленген ерен еңбекпен,
Әлия менен Мәншүкпін ерте қан кешкен.

Еркіндік үшін отына түскен азаптың,
Жүрегі таудай Сәбира менен Ләззатпын.
Ту етіп арын биікке қойған қашан да,
Қазық қып қаққан намысын қайсар Қазақпын!
Пәкиза АРЫСТАН,
Т.Сәрсенбеков атындағы орта
мектептің оқушысы.

БАҚЫТ СЫЙЛАП ЕЛҢЕ

Тамыры терең жайылған,
Отаным байтақ байырдан.
Бабалар қорғап жерімді,
Жауларын кері қайырған.
Қол жетіп бүгін арманға,
Ұшар шың биік тандарға.
Бейбітшіл елім нық тұрды,
Дайын ол әсте самғауға.
Бабаның атын ұран қып,
Елбасы сөзін құп алдық.
Ынтымақ қосып Отанға,
Қолыңнан тұрып жас қала,
Ұқсамай қалған басқаға.
Бақытты сыйлап еліңе,
Салып та бердің Астана.
Елорда нұры көгімнің,
Күн боп туған «Нұр ағам»,
Айбары болдың елімнің.
Тік ұстап сен бойынды,
Жар салып бүкіл ойынды,
Нұр ағам мәңгі жасай бер,
Жасай бер мәңгі тойынды.
Айғаным АЙТАҚЫН,
Сүйінбай орта мектебінің оқушысы.

ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Қазақстаным, мәңгілік Отан мекенім,
Әйгілі болып туынды биік көтердің.
Жүз отыздан аса ұлтқа белгілі,
Қазақстан сенің кеңпейіл екенін.

Көреген басшың Нұр ағамдай тұлғалы ерің,
Тоғызыншы орында тұр байтақ жерім.
Әлемде саған теңдес мекен жоқ қой,
Мен үшін Жұмақпен тең туған елім.

Олимпиада да көріндің тұғыр белде,
Лондонда да, Риода да, Сочиде.
Рәміздерің әлемге паш етіліп,
Әнұраның шырқалсын барлық елде.

Жасыл энергия елімді тек гүл етсін,
Бар туристер өзіне тікті көзін.
Астана көркейе де өрлей берсін,
ЭКСПО-ң да тілеймін сәтті өтсін.

Қазақстаным – Отаным,
Жайнай берші, жаса мың.
Өзіңе бүгін жыр жаздым,
Өркендей бер, Қазақстаным!
Айым АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Сүйінбай орта мектебінің оқушысы.

◆ Тағзым

Кейде өткенге ой жүгірте отырып, кезінде тәлім-тәрбиесін алған, істеген ісімен айналасына өнеге болған адамдарды еске алып тұрған дұрыс-ау деп ойлаймын.

даярлығы жоғары боксшылар деп танылды. Тәрбиелеген шәкірттерінің бірі Дүйсебек Масабаев 1980-ші жылдардың басында ересектер арасында «Қайрат» ерікті спорт қоғамының облыстық жарысында чемпион, республикалық біріншілігінде чемпион, Бүкілодақтық «Урожай» ерікті спорт қоғамының ашық біріншілігінде жүлдегерлер

жүргізіп, қорқытып, басынатын. Ерегес, түсініспеушілік, төбелес болған жағдайда жұдырықтың орнына қанжар пышақтың күшіне жүгінетін. Олардың осындай бассыз қылықтарынан кейбір мен деген жігіттердің өзі қаймығатын.

Шешендерде таза қанды жүйрік аттардың тұқымы көп еді. Соның ішінде

.....◆ **Жақсының аты...**

ІЗДЕНГІШ АЗАМАТ ЕДІ

Рыскелді Бейсенбеков 1943 жылы маусымның 19-да Алматы қаласында дүниеге келген. 1971 жылдан Алматы-дағы ауыл шаруа-



шылығы ғылыми зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді. 1981-86 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Жамбыл аудандық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінде әуелі нұсқаушысы, кейін бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Рыскелдінің сана-сезімінің осы ортаға сай қалыптасуына, қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарауына белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Балғабек Қыдырбекұлы ықпалын тигізеді. «Рыскелді текті, білімді», – деуші еді аға.

Ізденгіштігі мен еңбекқорлығына риза болған Шаяхметов Жұмаділ, Талғаров Елдос ағалар да қамқорлықтарын аямайтын.

Жастайынан кітаптарды көп оқушы еді. Оқыған кітаптарын талқыға салып, пікірталас жасап жататын. Институтта бірге оқыған Омарбаев Әбікен мен Құрмашев Сайын дос, жолдастар еді. Олар да ауданымыздың әлеуметін, экономикасын көтеруге үлес қосқан жоғарғы білімді, іскер азаматтар.

Алматыға қайтып кетуге мүмкіншілігі бола тұра, Рыскелді 1986 жылы ата-баба жұрты Балғабек Қыдырбекұлы ауылындағы «Степная» құс фабрикасына партия ұйымының хатшысы болып ауысты. Коммунистік партия тарағаннан кейін ауыл, шаруашылық біржолата ыдырап, тарап кетпеуі үшін атсалысты. Ел үмітін ақтар деген ниетпен ауыл азаматтары Естаев Әбүтәліп пен Тауасарова Нұрғайшаның билік ұстауына тікелей ықпал етті. Өкінішке қарай, іскер ұйымдастырушы Естаев Әбүтәліп те бұл күнде бакилық.

«Балаларыңды мектепке қазақ сыныбына беріңдер, жастар дәнекерші, электрик, механик мамандығын игеріңдер», – деп біраз жастарды оқуға жіберіп алған да Рыскелді еді.

Ұлы Отан соғысы кезінде туған бала қайбір жетісе қойсын. Не ішкен асқа, не киген киімге жарымасы анық. Оған қоса жол апатынан алған жарақаты тағы бар. Осының салдарынан өмір бойы ащы-тұщыға жоламай жүрсе де 2007 жылы 14-ші шілдеде дүниеден озды. Ақыл-парасаты асып туған Рыскелді бауырымызды біз әрқашан еске алып тұрамыз.

Оны жанымыздан жоғалтып алғанымыздан бері 10 жыл өтіпті. Амал қанша? Жасамаған жасы, көрмеген қызығы артында қалған бала-шағасына бұйырсын.

Аудандағы сан түрлі шараларға белсене қатысатын. Аудандық партия комитетінде істеген кезде Оралбай Талысбаев, Майдан Ершігешов, Күлімхан Жәйшібекова, Орысбек Нүсіпов секілді белді де белсенді азаматтармен тығыз араласты.

«Орнында бар оналар» демекші, Рыскелдінің ұлы Бақыт бүгінде Б.Қыдырбекұлы ауылының әкімі. Әкеге тартып туған ұл да көпшіліктің тілін тауып, ауылды көріктендіріп, көркейтуге бар күш-жігерін жұмсауда. Жақсының атын бүгіндері ұрпағы шығарып жүр.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, жазушы.

.....



қатарында болды. 1984-ші жылы қараша айында өткен Орта Азия әскери округінің жарысында чемпион атанды. Екі рет Қазақстан ауыл шаруашылығы жоғарғы оқу орындары арасындағы өткізілген жарыста топ жарды. Бұл айтылған мәліметтер сол уақыттағы ағаның саналы, рухани, таным-түсінігі мол, физикалық дайындығы жоғары, денсаулығы мықты, шындалған, намысқой ұрпақ тәрбиелеудегі істеген ісі, мысқалдай болса да елге пайдасын тигізген еңбегінің жемісі деп білеміз.

Енді біз бала кезде куә болған ағаның басынан өткен бір оқиға еске түседі. Қандай ортада жүрсе де, қай жакка барса да ағаның ержүректілігі мен батылдығы сұсынан білініп, алып тұлғасы айбынданып, мықтымын деп кеудесін соққан талай бұзықтың мысы басылып, ығысып тайсақтайтын. Өзіміздің қандас бауырларымызға басқа ұлт өкілдерінің тіс батырып басынуына, өктемдік жасап төменсітуіне жол бермейтін. Ондай жағдай болса, сөзі және ісі арқылы лайықты тойтарыс беріп, шара қолданатын.

1977 жылдың күз айында ауылда өмірден өткен бір ақсақалдың асы беріліп, ат шабатын бәйге белгіленді. Ол кезде алыс-жақынға бір-екі ай бұрын болатын ас және берілетін бәйге туралы хабар таратылатын. Осы хабарды естіген атқұмар азаматтар жүйріктерін суытып, баптап дайындап, шабандоз балаларын алып асқа қонақ болып келетін. Астың құрметіне берілетін бәйге негізінен екі күнде өтетін. Бірінші күні ауылдың үлкен қарияларынан қол жайып бата сұралатын. Халықта мұны «бата оқыр» деп атайтын. Осы күні көпшіліктің қолдауымен ат жарысын қадағалап, қарап басқаратын төрешілер сайланатын. Жарыс шарты бекітіліп, төрешілерге үлкен жауапкершілік жүктелетін. Негізінен ұлы бәйге екінші күні болатын. Бірінші күнгі бәйгеде жүйріктер жақын ара қашықтыққа жіберіліп, сонымен қоса тай, құнан жарыстары болатын. Асы беріліп жатқан адамның туысқандары, жекжат-жұраттары бәйгеде жүлдеге ілінген жүйріктерге өздерінің сыйлықтарын беретін.

Сонымен, бәйге басталып, жиналған қауым оны қызықтап мәре-сәре болып жатты. Бәйгеге қосқан жүйріктері жүлдеге ілінген ат иелерінің де көңілдері көтеріліп, мәз болып, бәйгенің қызығы басталды. Келген қонақтардың арасында ауданымыздың Покровка, Дегерес, Қарақыстақ ауылдарынан келген шешен ұлтының бірнеше өкілі де болды. Олар бір кезде Сталиннің күштеуімен Кавказдан зорлап көшірілген. Әбден арып-ашып, жадап-жүдеп, біразы жол-жөнекей қырылып келгенде кең құшағын ашып қарсы алған қазақ халқының бауырмалдығын, ақкөңілділігін, қонақжайлылығын есінен шығарды. Жақсылықты ұмытып, тойынып, өздерінің қызуқанды екенін көрсеткісі келетін болды. Олар енді басбұзарлыққа барып, жергілікті ұлт өкілдеріне мұрын шүйіре қарайтын, өктемдік

Ерубай АСЫРОВ,
Алматы қаласы.

Ұзынағаш ауылында «Парасыз болашаққа – Бірге!» атты іс-шара жалғасуда. Оның шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ құрылып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен азаматтарды қабылдау жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ құрамына «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының, үкіметтік емес ұйымдардың, аудандық жастар ресурстық орталығының, аудандық мәслихаттың, аудан әкімдігінің өкілдері енгізілді.

Жылжымалы қоғамдық қабылдау азаматтарды төмендегі кестеге сәйкес қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топтың жылжымалы қоғамдық қабылдау кестесі

(тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айлары)

№	Өтетін күні	Ұйымның атауы	Өткізілетін уақыты
1.	02.08.2017	Самсы селолық округі Тарғап орта мектебі	11.00-12.30
2.	03.08.2017	«Бәйтерек» балабақшасы	16.00-17.30
3.	09.08.2017	Аудандық білім бөлімі	11.00-12.30
4.	10.08.2017	«Балдырған» балабақшасы	16.00-17.30
5.	17.08.2017	«Қарлығаш» балабақшасы	16.00-17.30
6.	18.08.2017	Шолақарғалы селолық округі Қасымбек орта мектебі	11.00-12.30
7.	24.08.2017	Мемлекеттік төлемақы орталығы	11.00-12.30
8.	25.08.2017	Дегерес селолық округі «Бөбек» балабақшасы	16.00-17.30
9.	31.08.2017	«Атамекен» газетінің редакциясы	11.00-12.30
10.	04.09.2017	Аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	11.00-12.30
11.	06.09.2017	Қарасу селолық округі Еңбекшіарал орта мектебі	11.00-12.30
12.	07.09.2017	Жер қатынастары бөлімі	11.00-12.30
13.	13.09.2017	Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдері	11.00-12.30
14.	14.09.2017	Дегерес селолық округі Сұңқар орта мектебі	11.00-12.30
15.	20.09.2017	Жастар ресурстық орталығы	11.00-12.30
16.	21.09.2017	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11.00-12.30
17.	28.09.2017	«Балауса» балабақшасы	16.00-17.30
18.	29.09.2017	Селолық округ әкімдері	11.00-12.30
19.	04.10.2017	Кәсіптік колледж	16.00-17.30
20.	05.10.2017	Қарасу селолық округі Қайназар орта мектебі	16.00-17.30
21.	12.10.2017	Тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасы	11.00-12.30
22.	19.10.2017	Салық басқармасы	11.00-12.30
23.	20.10.2017	Экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік бөлімдері	11.00-12.30
24.	26.10.2017	Дене тәрбиесі және спорт бөлімі	11.00-12.30
25.	27.10.2017	«Жазира» балабақшасы	16.00-17.30
26.	01.11.2017	Ұзынағаш селолық округі А.Қарсақбаев атындағы ОМ	11.00-12.30
27.	02.11.2017	Мыңбаев селолық округі	11.00-12.30
28.	08.11.2017.	Білім бөлімі, қосымша білім беру мекемелері	11.00-12.30
29.	09.11.2017	Кәсіпкерлік бөлімі және аудан кәсіпкерлері	11.00-12.30
30.	15.11.2017	«Абай-Жапар» базарындағы кәсіпкерлер мен тұтынушылар	11.00-12.30
31.	16.11.2017	Жастар РО және ауыл жастары	11.00-12.30
32.	22.11.2017	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11.00-12.30
33.	23.11.2017	«Құлыншақ» балабақшасы	16.00-17.30
34.	29.11.2017	Самсы селолық округі Қона бекеті	11.00-12.30
35.	30.11.2017	Ақсеңгір селолық округі Жайсаң ауылы	11.00-12.30
36.	06.12.2017	Үнгіртас селолық округі Сарыбастау ауылы	11.00-12.30
37.	07.12.2017	«Балбөбек» балабақшасы	16.00-17.30
38.	13.12.2017	Ұзынағаш селолық округі Ынтымақ ауылы	11.00-12.30
39.	14.12.2017	Ауыл шаруашылығы бөлімі	11.00-12.30
40.	20.12.2017	«Ақбота» балабақшасы	11.00-12.30
41.	21.12.2017	Ветеринария бөлімі, ветеринария бойынша аумақтық инспекциясы	11.00-12.30

Өрісті өрт шалмасын

Талдау бойынша соңғы бес жыл аралығында Жамбыл ауданында 185 дала және тау өрттері тіркеліп, аумағы ондаған мың гектар жайылым мен шабындық жерлер өртенген. Сөйтіп, орасан зор экологиялық және әлеуметтік экономикалық шығын келтірілді, оның ішінде төрт түлік те зардап шекті. Дала өртіне асқан жауапкершілікпен қарау керек, өйткені бұл жердегі немқұрайлық үлкен өкінішке ұрындырады.

Өткен 2016 жылы ауданда 82 дала өрті тіркеліп, үш мың гектарға жуық жайылым мен шабындықтар өртеніп кетті, 50 гектар бидай мен арпа жанып, рәсуә болды.

2009 жылдың басынан бері Жамбыл ауданында 32 дала өртті тіркелді және бұл сан жыл сайын өсуде. Атап айтқанда, 1460 гектарға жуық жайылым мен шабындық жерлер өртеніп кетті. Дала өртіне сол жерлерде жұмыс істеп жүргендердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы негізгі себепкер болады.

– Шабындық жерлерде жұмыс істейтін трактор, комбайн, т.б. техникалардың ақаулығынан және шоқ ұстағыштарының (искрогоситель) болмауынан;

– Малшылардың темекілерін өшірмей тастағанынан;

– Өрісте бейберекет жерлерге от жағудан;

– Келесі жылғы жайылым шөбінің қаулап өсуі үшін бәз біреулер әдейі өрт салғаннан;

– Жайылым және егістік жерлерді жол желілерінен бөліп жыртыпағандықтан;

– Автокөліктермен өткен жолаушылардың темекі тұқылын өшірмей тастауы да дала өртіне ұшыратады.

ҚР «Өрт қауіпсіздік туралы» 1996 жылғы қарашаның 22-дегі Заңына сәйкес және 2007 жылғы маусымның 27-дегі № 542 Үкімет Қаулысына, «Дала өрттерін сондай-ақ мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері құрылмаған елді мекендердегі өртті сөндіру ережесіне» сүйенсек, Ұзынағаш ауылының № 7 өрт сөндіру бөлімі дала өрттерін сөндіруге бейімделмеген. Бұл жұмыстар оның құзыретіне кірмейді және қараңғы уақытта қауіпсіздік ережелеріне сәйкес

дала өртін сөндіруге рұқсат етілмейді. Өрт сөндіру техникасы тек жеке сектордағы және нысандардағы өрттерді сөндіруге бейімделген. Үкіметтің 2007 жылғы маусымның 27-дегі № 542 Қаулысының 2 тармағына назар аударсақ, онда былай деп жазылған:



Жергілікті атқарушы органдар жану белгілерін байқаған кезде шыққан өрттер туралы мемлекеттік өрт сөндіру мекемесінің жақын орналасқан бөлімшесіне дер кезінде хабарлауды қамтамасыз етеді және халықты, өрт пен өрттерді сөндіруге бейімделген техниканы, шаруашылық субъектілері қызметкерлерін өрттерді жоюға жедел тартуды ұйымдастырады.

Ал 5 тармағында: Өрт сөндіру бөлімдері құрылмаған ауылдарда дала өртін сөндіру кезінде жергілікті атқарушы органдар өртті сөндіруге **жекеменшік формасына қарамастан жұмылдырылған күштер мен құралдарды жанар-жағар маймен, ас ішу өнімдерімен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуі керек.**

Қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері туралы сотқа шағымдану тәртібі

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының талаптарына сәйкес қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және жедел-ізвестіру жұмыстарының заңдылығын қадағалау прокуратура органдары қызметінің негізгі саласының бірі болып табылады.

Осы қызметті атқару барысында, кейбір қылмыстық процеске қатысушы адамдардың, яғни күдікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдерінің өз құқықтарын қорғау мақсатында шағымдану тәртібін, оның ішінде сотқа шағымдану тәртібін жете білмейтін сәттері кездеседі.

Түсіндіре кететін жай, Қазақстан Респуб-ликасының Қылмыстық-процестік Кодексінің 106 бабымен қылмыстық процеске қатысушылардың сотқа шағымдану тәртібі реттелген.

Атап айтқанда, құқықтары мен бостан-дықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға, шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Шағымды осы баптың тәртібімен қарау кезінде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешкен кезде сот қарауының нысанасы болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс.

Сот шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз шағымында көрсеткен барлық мән-жайларды анықтаушының, тергеушінің, прокурордың тексергенін және ескергенін анықтауға тиіс. Бұл ретте сот кінәнің дәлелденгені немесе дәлелденбегені, жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі туралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-құқықтық және процестік негіздердің бар екенін не жоқ екенін тексеруге тиіс.

Сот тексеруінің шектері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасау (әрекетсіздік) және шешімдерді қабылдау кезінде заң нормаларының сақталуын анықтаумен шектеледі. Шағым келтіру шағым жасалып отырған әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып отырған шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Шағым қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа, тұлғаның келіспеген шешімен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өз атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін дәл сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаған болса, шағым берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап берілуі мүмкін.

Шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы

бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді. Тергеу судьясының өкімі бойынша сот отырысы бейнебайланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Сот отырысының барысында хаттама жүргізіледі. Қажет болған кезде тергеу судьясы қосымша материалдарды талап етіп алдырып, тиісті тұлғаларды шақыруға және олардан сұрақ алуға құқылы. Әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалып отырған лауазымды адамдар соттың сұрау салуы бойынша үш тәулік ішінде мұндай әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа ұсынуға міндетті. Сот отырысын өткізу кезінде тергеу судьясы қандай шағымның қаралуға жататынын хабарлайды, осыдан кейін, егер арыз иесі сот отырысына қатысып отырған болса, ол шағымды негіздейді, содан соң басқа да келген адамдар тыңдалады, олар сотқа дәлелдемелер беруге құқылы. Шағым жасалған әрекеттердің (әрекетсіздіктің) немесе шешімдердің заңдылығын дәлелдеу ауыртпалығы оларды жасаған немесе қабылдаған тұлғаға жүктеледі.

Тергеу судьясы шағымды қарау нәтижелері бойынша келесі бір шешімді қабылдайды:

1) заңсыз деп танылған процестік шешімнің күшін жою туралы;

2) тиісті лауазымды адамның әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп және оның жол берілген құқық бұзушылықты жою міндетін тану туралы;

3) прокурорға азаматтың немесе ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген құқық бұзуын жою міндетін жүктеу туралы;

4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы тиісті қаулы шығарады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы наурыздың 30-дағы № 50 Бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңды-лығын ұйымдастыру жөніндегі» Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес прокуратура органдары қызметкерлерінің кезекшілік атқару қызметі реттелген.

Атап айтқанда, қылмыстық қудалау орган-дарында прокуратура қызметкерлерінің кезекшілік ету мақсаты қылмыстық қудалау органдарының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету болып табылатын сотқа дейінгі тергеудің заңдылығына, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының, есепке алу-тіркеу тәртібінің сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қылмыстық қудалау органының ғимаратында болатын азаматтардың назарына көзге көрінетін жерде арнайы стенд орналастырылады, онда кезекші прокурордың жұмыс тәртібі, оның азаматтарды қабылдау уақыты, байланыс телефондары және т.б. туралы ақпарат қамтылады.

Осы Нұсқаулыққа сәйкес, Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімі ғимаратының сыртында және ішінде арнайы стендтер орналастырылған.

Қылмыстық процеске қатысушы аудан тұрғындары осы стендтерден өзіне қажетті мағлұмат алуына болады.

М.ИСАЕВ,
Жамбыл ауданы прокуратурасының
прокуроры.

◆ «101» хабарлайды

Дала өртін ауданын ұлғайтпай дер кезінде сөндіру үшін жергілікті атқарушы органдар болып табылатын ауылдық аймақ әкімшіліктері осы апатқа дайын болу қажет. Дайын болу деген сөздің мағынасында әкімшілікте 30-40 адамға арналған сапалы шартылдақ (хлопушка), кезекшілікте тұрған соқасы бар трактор, ерікті өрт сөндіру жасағы тобына кіретін адамдарды жедел хабарлау және жинау сызбасы тек қағаз жүзінде емес, оқиға туындаған кезде

шығатындай ойластырылып жасалуы керек. Ауылдық аймақ әкімшіліктері территория-ларында орналасқан шаруашылық қожалық иелерімен жиын өткізіп, егістік жерлерін жыртып, дер кезінде жинап, жинауға жұмылдырылатын техникасының өртке қауіпті болмауы туралы, жиналғаннан кейін

қалдықтарын өртеу кезінде қараусыз қалдырмау туралы айтып, жиын хаттамасымен танысқандары туралы қол қойдырып алу керек. Дала өрттерін сөндіру кезінде тағы бір қиындық туғызатын жай ол ауылдық аймақ әкімдерінің өз территорияларын нақты білмеуі немесе өрт болған кезде өздерінен жауапкершілікті жалтаруы. «Ол менің жерім емес, ол басқа ауылдық аймақ жері», – дейтіндер де жиі кездеседі. Осының салдарынан дала өрті ұлғайып, бірнеше ауылдық аймақ территориясына жайылып кетеді. Ата-бабаларымыз айтқандай, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» болмаушы ма еді, құрметті аудандастар.

Нұрбол ӘБУОВ,
аудандық ТЖБ аға инженері,

◆ «Мектепке жол – 2017»

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ

Жамбыл аудандық білім бөлімі 2017 жылғы тамыздың 1-нен бастап 30 қыркүйекке дейінгі аралықта дәстүрлі «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын өткізетінін хабарлайды. Биылғы жылы Министрліктің бұл әлеуметтік бастамасы «Менің тандауым – балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтеді.

Акцияның басты мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасылардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жаңа оқу жылына дайындығына және түрлі әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету болып табылады.

«Мектепке жол» акция барысында «Менің тандауым – балаларға көмек көрсету», «Ауыл балаларына – мектепке сыйлықтар», «Отбасы отбасына көмек көрсетеді», «Балаларды мектепке дайындаймыз!» атты акциялар өткізіледі. Әрбір ауыл әкімдігі мен кәсіпкерлерді аз қамтылған жанұялардағы балаларға оқуға қажет құрал-жабдықтар мен киім-кешектер алуына қолдау көрсетуге шақырамыз.

Сонымен қатар, қараусыз, қадағалаусыз, жағдайы жоқ отбасыларын анықтау барысын-да рейдтік іс-шаралар мен пәтерлерді аралау жүргізіледі.

Ауданның барлық азаматтарын, кәсіп-керлерді, меценаттарды осы акцияға белсене қатысуға және өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға, отбасыларға көмек көрсетуге, демеуге шақырамыз.

Акцияға қосылуға тілек білдірушілердің бәрі аудандық білім бөлімінің 2-04-26, 2-03-87 нөмірлеріне хабарласса болады.

Аудандық білім бөлімі.



ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ

ҚР Конституциясы әрбір адамның өмір сүру құқығына, жеке басының қадір-қасиетінің қорғалуына, бостандығы мен өміріне, сондай-ақ жеке өміріне қол сұғылмауына, жеке басының және отбасылық құпияларының болуына, ар-ожданы мен абыройының қорғалуына кепілдік береді.

Жеке адамға қарсы қылмыстар – өмірдің, денсаулықтың қауіпсіздігіне, бостандықтың, абырой мен қадір-қасиеттің, жыныстық кемсітушіліктің, адамдар мен азаматтардың конституциялық құқығына, отбасы мен кәмелетке толмағандардың мүдделеріне тікелей қол сұғатын және қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті әрекеттер. Жеке адамды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау қылмыстық заңнаманың маңызды міндеті болып табылады. Қылмыстық заң кез келген адамның өмірін, олардың жасына, жеке басына және әлеуметтік белгілеріне, адамгершілік қасиетіне қарамастан қорғайды. Қылмыстық Кодекске сәйкес денсаулыққа қарсы бағытталған қылмыстарды саралаудың маңызы зор. Адамның денсаулығына қол сұғатын қылмыстарды бағалаған кезде қылмыстық заң «денсаулыққа жасалған зиян» деген түсініктің мәнін түсіндірмейтінін ескерген жөн. Қылмыстық заң бойынша денсаулыққа зиян, орташа ауырлықтағы зиян, жеңіл зиян деп сараланады. Осы санаттағы істер бойынша сот-медициналық сараптама жүргізілуі тиіс. Аталған санаттағы қылмыстар туралы баптарда бағалау түсініктері кездеседі. Оларға Қылмыстық Кодексте ашық түсіндірме берілмеген және сот талқылауы қажет.

Ғани БАБАЛЫҚОВ,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕГЕНІ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес ҚР атынан сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Сот азаматтық істі талқылауды іске қатысатын тараптарды және іс бойынша басқа тұлғаларды міндетті түрде хабарландыра отырып, сот отырысын жүргізеді.

Сот отырысында судья процестік нормаларды қатаң сақтап, құқықтық мәдениеттілікті ұстанып, процеске қатысушылардың теңдігі қағидатын қамтамасыз ете отырып, сот төрелігін жүзеге асыруы тиіс. ҚР Азаматтық процестік Кодексінің 127 бабына сәйкес іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады. Сот талқылауы басталмас бұрын төрағалық етуші процеске шақырылған қатысушылардың келуін тексереді. Төрағалық етушінің міндетін істі қарайтын судья атқарады. Азаматтық істегі тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар егер тек сот тарапынан олардың

келмеу себептері дәлелді деп танылмаса, сот талқылауына қатысуға міндетті. Тараптар соттан істі олардың қатысуынсыз қарау және оларға шешімнің көшірмелерін жіберу туралы жазбаша нысанда өтінуге құқылы.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісінше хабарландырылған тараптар және іске қатысушы басқа тұлғалардың сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеуі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 653-бабына сәйкес сотқа құрметтемеушілік деп танылып, ол әкімшілік жазаға тартылады. Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шараларын сот баршаның сот алдындағы теңдігі конституциялық қағидатын және сот төрелігінің міндеттерін іске асыру, азаматтарды құқықтық мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында қолданады. Сондықтан баршамыз сотқа құрметтемеушілікке жол бермей, еліміздің құқықтық мемлекет ретіндегі мәртебесін көтеруге өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Е.ҮСТЕЛБАЕВ,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

ҚАРАП ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

2020 жылы Қазақстан жемқорлық көрсеткіштері ең төмен 60 мемлекеттің құрамына енуі тиіс. Бұл халықаралық сарапшылардың жасаған мәлімдемесі. Ал, аталған мақсатқа жету жолында біз қандай жұмыстар жасауымыз керек десек, бұл тұрғыда өткенге көз салмай тағы болмайды. Мәселен, елімізде соңғы жылдары «Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойылды. Сонымен қатар ТМД елдері ішінде бірінші болып сыбайлас жемқорлық қылмысына қарсы күрес жөніндегі арнайы орган құрылды. Содан бері заман ағымына сай сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында жаңа талаптар қойылып, тың шаралар атқаруда. Мысалы, елімізде соңғы он жылдықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында атап айтарлықтай құқықтық база қалыптасты. Саладағы нормативтік-құқықтық базаға өзгерістер енгізіліп, оның түрлі қосымшалармен толықтырылуы «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күрес туралы» заңды халықаралық стандарттарға жақындата түсті.

Елімізде құқықтық сананы тәрбиелеуге ерекше назар аударылуда. Бұл тұрғыда бұқаралық акпарат құралдарының маңызы мен мүмкіндігі зор. Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыру, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы барлық мүдделі күштердің бірлесіп жұмыс істеуі елімізді өркендетуге және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына экономикалық және рухани кедергі келтіретін «жұлынқұрт» екенінде дау жоқ. Бұл келеңсіздікті бүтіндей жоғалта алмаспыз, дегенмен, жемқорлықсыз қоғам қалыптастырғымыз келсе, қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Өйткені, кеселді тек көп болып күрескенде ғана жеңетініміз анық.

Ж.ӘДІЛ,
Жамбыл аудандық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы.

Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысады. Соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер

ТЕҢДІК ТЕТІГІ

мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру. Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндетіне әйелдер мен ерлердің билік құрылымында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі кезеңде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл саясатқа Елбасының өзі терең мән беруде. Біздің елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданған. Олар: «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді.

Бүгінгі күні әйелдер қоғамымыздың барлық салаларында да белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да аналық құқығын сақтай отырып, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгісін көрсетуде.

Әлия БЕЛГІБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

◆ *Дәрігер кеңесі*

Полиомиелит

Полиомиелит – балалар мен жасөспірімдер арасында кездесетін жұқпалы ауру. Жұқпа бірінші кезекте орталық жүйке жүйесін және жұлын ми сұйықтығын зақымдап, салдануға (паралич) әкеліп соқтырады. Салдану түрі мидың функционалдық құрылымдарының қайтадан қалпына келмейтіндей зақымдалуымен, яғни мүгедектікпен, тіпті өлім жағдайымен аяқталады. Аурудың клиникалық көрінісі дене қызуының көтерілуі, іштің өтуі, ауырсыну, тыныс мүшелерінің қабынуымен сипатталады. Белі ауырып, аяқтары тартылады, 5-7 күннен кейін бір жақты және екі жақты паралич байқалып, жұтыну қабілеті бұзылып, қан қысымы көтеріліп, енгізу пайда болады.

Жұқпа көзі – барлық клиникалық белгілерімен ауыратын адам және дені сау тасымалдаушы. Аурудың ұзақтығы – 3 күннен 1 айға дейін созылады. Қоздырғышы ауа-тамшы жолдары арқылы беріледі. Сондай-ақ жұқпа науқас адамнан тұрмыстық қатынас арқылы таралады (жуылмаған қол, орамал, киім, төсек, т.б.).

Полиомиелит ауруына шалдығу көбіне жаз-күз айларында тіркеледі. Сырқаттанушылықтың тіркелу және өсуінің себебі, табиғи апаттардың салдарынан болған су және канализация құбырларының істен шығуынан, санитарлық-гигиеналық қағидалардың сақтамағандығынан. Ауруға негізінен 10 жасқа дейінгі балалар шалдығады, олардың 60-80 пайызын 4 жасқа дейінгі балалар құрайды.

XX ғасырдың басында әлемнің көптеген аймағында ауруға мыңдаған,

он мыңдаған адамдар шалдықты. Оның зардабы 10% дейін өлім жағдайымен аяқталса, мүгедектікке ұшырағандар 40% жетті. Бірақ, 1960 жылдары полиомиелит жұқпасына қарсы жаппай иммундық алдын-алу шаралары жүргізілгенде эпидемиялық жағдай түбегейлі өзгерді. Әлеуметтік жағдайы жақсы, экономикасы дамыған елдердің басым көпшілігінде полиомиелит ауруы мүлдем жойылған. Балаларды полиомиелитке қарсы жоспарлы иммундау шараларының нәтижесінде республикада, сондай-ақ, облыста талай жылдар бойы бұл ауру тіркелген жоқ және ҚР аумағы Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау мекемесімен (БӘДСМ) полиомиелиттен бос аймақ ретінде куәліктендірілген.

Аурудың алдын-алудың ең тиімді шарасы бұл – вакцинация. Полиомиелит ауруына қарсы ауызға тамызатын тірі вакцина қолданылады. Үкіметтің 2009 жылғы желтоқсанның 30-дағы № 2295 қаулысында алдын алу егулерін жүргізу мерзімдері бекітілген. Полиомиелитке қарсы балалардың екпесі айдың 2,3,4 және 12-15 аралығында емдеу мекемелерінде салынады.

Құрметті ата-аналар балаңызды уақытылы ауруға қарсы ектіріп, жұқпалы аурулардың алдын алғаныңыз жөн.

Зинаш КҮШТЕКОВА,
Жамбыл аудандық денсаулық сақтау басқармасының басшысы, м.ғ.к.
Мираш САТОВА,
Жамбыл аудандық денсаулық сақтау басқармасы эпидемиология бөлімінің бас маманы.

Олардан қауіптенуге бола ма? Ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамындағы нитрат көрсеткіштері минералдық тыңайтқыштарды шектен тыс қолданғанда көбейеді. Нитраттарды сезгіштік жас нәрестелерде, егде кісілерде, қаны аз

Нитраттар деген не?

адамдар мен жүрек-қан тамыры ауруынан зардап шегетін кісілерде, демалу жүйесінің эндокринді науқасы бар адамдарда, дисбактериоз кезінде күшейеді. Жеміс-жидек, бақша өніміндегі нитраттардан уланудың алдын-алуда тамақтану гигиенасының орны зор. Өрік, қияр, қызанақ, қауын, қарбыз, т.б. іш жүргізетін жемістер қатарына жататындықтан, оларды байқап жеу керек. Сыртқы қабығында нитраттар көп жиналатын болғандықтан, қабығын аршып тастау қажет.

Адам ағзасына артық нитрат түспеу үшін не істеген жөн? Жеміс-жидектер мен көкөністерді кулинарлық өңдеуден өткізу, ағынды сумен жуу керек. Көкөністерді сумен жуғанда нитраттар құрамы 10 пайызға азаяды, қайнатқанда 40-80 пайызға, бұқтырып, қуырғанда 10 пайызға, ашытқанда, тұздағанда 2-3 есеге азаяды. Әр адам өз денсаулығын, тамақтану гигиенасын есінен шығармай, осы ұсыныстарды орындаса, ешқандай қауіп жоқ.

Қазіргі уақытта аудан, ауыл арасында заңсыз орналасқан жабайы сауда мен бақша өнімдері нүктелері көбейгеніне байланысты мынаған назар аударуыңыз қажет. Бақша өнімдері ешқандай

зертханалық тексерістер өтпей (қай жерден келгені белгісіз) сатылуда. Олардың құрамындағы нитратты былай қойғанда, сатылуы да заңсыз жерде жүзеге асып жатыр. Себебі, жеміс-жидектерді жол бойында сатуға болмайды. Көліктен шыққан көк түтін жеміске өзінің кері

әсерін тигізеді. Жол жиегінде орналасқан нүктелер арқылы көлік түтіні мен жол жиегінің шаңы қонған көкөністерді сатып алу фактілері көбейіп барады. Сонымен қатар, микробтардан уланудан сақтану үшін сапасыз және жарылған қауындар мен қарбыздарды тұтынуға тыйым салынады. Бақша өнімдерін тек сауда орындарында ғана сатып алу керек. Себебі, базар сатушыларының қолында өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы құжаттары бар және күнделікті базар аумағына түскен өнімдер зертханалық тексерістен өтіп тұрады. Бүгінде нитраттарға 153 сынама алынып, олардың өсуі анықталмады. Ерте піскен бақша өнімдерінде нитраттың нормадан артық болуы заңдылық екенін ескертеміз. Әзірге бұған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Зертханалық зертеу барысындағы қалыпты жағдайда жемістің құрамындағы нитрат 60-тан аспауы керек.

Ж.ҚАЛАБАЕВА,
Жамбыл ауданы ҚДС Басқармасының санитарлық-гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің басшысы.

Құттықтаймыз!..



Шиен ауылының тумасы, Алматы қаласының тұрғыны 40 жыл **ШЫНАР** құдағиымызбен отасып, бақытты ғұмыр кешіп жатқан құдамыз **Батырбеков**

Бақытбек БАҒАЙБЕКҰЛЫ

6 тамызда 60 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Қадірлі құдамыздың мерейлі мүшел жасы құтты болып, бақ-дәулеті арта берсін! **Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз. Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз, Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз! Ізгілікті нұрын шашар маңайға, Адамсыз ғой үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген, Ұмытпайды туған-туыс қалайда! –** деп құттықтаушылар: құдасы **Қажытай-дың** отбасы.

**«Бастау Бизнес» жобасы бойынша
24.07.2017 жылы өткен**

тестілеу кезеңінің қорытындысы

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша 24.07.2017 жылы өткен тестілеуге аудан бойынша 41 азамат қатысып, оның 26-ы тестен өтіп, оқуға жолдама алды. 7 тамыз күні 4-кезең тыңдаушылары оқуларын бастайды. Толық анықтама алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: **79019, 87014928456**, электрондық пошта: **aj.tulegenova@gmail.com**

НАСЛЕДСТВО

Открылось наследственное дело после смерти Кондрачук Лилии Гербертовны, умершей 05.05.2017 года. Всех заинтересованных лиц (наследников, кредиторов и т.д.) возможных наследников просим обратиться в нотариальную контору по адресу: с.Каргалы, ул. А.Бейсеуова, д 3 кв.36. Карамурзаеву Н.Б. Тел: 8 (72770) 3-12-86

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** «Алматы конфеты» ЖШС-не Каргалы ауылы Геологическая көшесі №127 берілген кадастрлық нөмірі 03-045-093-215 (1,5900 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКА ЖӨНДЕЙМІЗ

Тоназытқыштарды, кір жуғыш машиналарын, қысқа толқынды пештер мен шаңсорғыштарды, ет турайтын құралдар мен электрлік қызметте қолданылатын жабдықтарды жөндейміз. Тел: 8-775-537-53-76; 8-707-253-34-53.



• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

Алматы облысының құрметті тұрғындары!

Алматы облысында еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлері арасында өткізілетін өңірлік «Еңбек жолы» байқауы басталды. Ұсынымдар еліміздің экономикасына елеулі еңбек үлесін қосқан ең үздік еңбек әулеттері және меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорын, мекемелердің жұмыскерлерінен қабылданады.

Байқау «Үздік еңбек әулеті», «Кәсіпорынның жас жұмыскері», “Жұмысшы жастардың үздік жетекшісі» атты үш номинациядан тұрады.

Үміткерлердің ұсынымдары аудан және қалаларда жүргізілуде және ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін жалғасады.

«Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша мемлекеттік, ведомстволық марапаттардың болуы, әулет өкілі болып табылатын отбасы мүшелерінің және олардың туыстарының саны, жалпы еңбек өтілі ескеріледі.

«Кәсіпорынның жас жұмыскері», «Жұмысшы жастардың үздік жетекшісі» номинациялары бойынша кәсіби машықтықтың дамуына үлесі, еңбегі үшін бірнеше мәрте марапаттарының болуы, біліктілік деңгейі, жеке еңбегінің жетістіктері және басқа да жағымды сипаттама беретін қасиеттері ескеріледі.

Байқауға қатысуға ниет білдіргендер «Еңбек жолы» байқауы бойынша үміткерлерді іріктейтін аудандық (қалалық) комиссияларға өтінім ұсынады. Сұрақтар туындаған жағдайда келесі телефон нөмірлеріне қоңырау шалуға болады – **400190, 329675** (Талдықорған қаласы).

**Уважаемые жители
Алматинской области!**

В Алматинской области стартовал региональный конкурс «Еңбек жолы», который проводится среди трудовых династий и работников производства. Прием заявок осуществляется от лучших трудовых династий и работников предприятий, организации независимо от форм собственности, внесших значительный трудовой вклад в развитие экономики страны.

Конкурс включает в себя три номинации «Лучшая трудовая династия», «Лучший молодой работник производства», «Лучший наставник работающей молодежи».

Прием заявок от претендентов в районах и городах области начался и будет продолжаться до конца августа текущего года.

По номинации «Лучшая трудовая династия» будут учитываться наличие государственных, ведомственных наград, количество членов семей и их родственников, являющихся представителями династии, общий трудовой стаж.

По номинациям «Лучший молодой работник производства», «Лучший наставник работающей молодежи» будет учитываться вклад в развитие профессиональных навыков, наличие неоднократных поощрений за труд, образовательный уровень, личные достижения в работе и другие положительно характеризующие качества.

Претенденты, желающие участвовать в конкурсе подают заявки в районные (городские) комиссии по отбору участников конкурса «Еңбек жолы». По интересующим Вас вопросам можете обратиться по телефонам **400190, 329675** (г.Талдықорған).

ЕСКЕ АЛУ

Каргалы ауылының тұрғыны, асқар таудай әке, сыйлы бауыр, құрметті жезде бола білген **ҚАЛҚАНОВ** **Матай Әмірбайұлы** тірі болғанда биыл 77 жасқа толар еді. Ама! не, тағдырдың салғанына м о й ы н с ұ н а м ы з .

Ақылшы әкеміз былтыр 13 тамызда бақилыққа аттанып кете барды. Аудандық мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып қызмет еткен әкеміз абыройлы қызмет атқарып, сол жақтан зейнеттік демалысқа шыққан еді.

Тау тұлғалы бола білген асқарым,

Өз еліне арнап еді-ау жас шағын.

Ажал келіп алып кетті-ау өзіңді

Өмір неткен қысқа едің қас-қағым.

Сен кеткенде тау мен тасым шағылды,

Сол да, әке, жаралады-ау жанымды.

Ама! бар ма, арамызда жоқсың сен,

Сені, әке, ұл-қыздарың сағынды, – деп еске алушылар: **ұлы – Айбар, қыздары – Жалын, Айнұр, күйеубаласы – Бағдат, келіні – Тамара, немерелері мен шөберелері.**

Әкеміздің көзі тірісінде араласқан достары мен әріптестерін, туысқандар мен жезғжат-жұраттарды 6 тамыз күні Каргалы ауылындағы «Сәт» мешітінде берілетін асына шақырамыз.

Ұ з ы н а ғ а ш ауылының тұрғыны, аяулы жар, ардақты әке бола білген

Нариман **ЖАПАРУЛЫНЫҢ** дүниеден өткеніне биыл 10 жылдың жүзі болды. Ұл-қызына қамқоршы әке, туыстарына бауырмал азамат өмірден өтті-ау дегенге әлі де сене алар емеспіз. Бауырымыздың көрмеген қызығын артында қалған ұл-қызы көрсе екен дейміз.

Он жыл өтті өмірден өткеніңе,

Он жылдың зымырап өткені ме?

Арамызда жоқсың сен, амалым не,

Сенсіз тағы күз келіп жеткені ме?

Сөне барды ертерек жұлдызың да,

Камқоршы әке едің сен ұл-қызына.

Сен көрмеген қызық пен жақсылықты,

Берсін Алла туыс пен ұл-қызына.

Тағдырдың салғанына бағынамыз,

Құран оқып, Жаратқанға жалынамыз.

Өмірден өтсең дағы, Нариман-ау,

Сағынышпен еске алып сағынамыз,–

деп еске алушылар: **анасы – Гүлнар, жұбайы – Зәуре, ұл-қызы – Әліби, Алина және Әбіловтер әулеті.**



Жайсаң ауылының тұрғыны **АБДРАХМАНОВА** **Нәсілхан Құтбайқызы** (Ақан келіні)

2012 жылғы тамыздың 15-де дүниеден өтті. Ел-жұрты мен бала-шағасы егіле жылап қала берді.

Бес жыл өтсе де, анамыздың жарқын бейнесі көз алдымызда.

Анамыздың жүрген жүрісін, ақ жарқын мінезін, бала-шағасына деген махаббатын, туыс-туғанына деген сый-құрметін, қайны аға мен қайныларына, қайын сіңлі мен



Ұзынағаш ауылының тұрғыны, аяулы ұл, қадірлі бауыр болған **МҰҚАШЕВ** **Болат Науқанұлы** 1984 жылдың 5 тамызында әскери борышын өтеп жүріп, қайғылы жағдайда қайтыс болған еді. Содан

бері 33 жыл өте шығыпты. Міне, Болатымызды отыз үш жыл сағынып, егілумен еске алып келеміз. Ұлымыздың өмірдегі орны ойсырап тұр. Қанша қайғырып, көз жасымызды төккенмен Болаттың қайтадан тірілмесі анық. Мезгілсіз ажалдың құрығына ілінбегенде, бүгінде бала өсіріп, немере сүйіп, қасымызда жүрер еді-ау... Ама! не, Болатқа бұл қуанышты сәттер бұйырмады. Ең өкініштісі де осы болып тұр...

Тағдырдың біз бұл ісіне бағындық,

Кенеттен біз қайғы бұлтын жамылдық.

Жылдар жылжып өткенімен Болатты,

Әке-шеше, туыс-бауыр сағындық.

Әскери борышты өтеуге аттанған

болатын ауылдан,

Бұйрық келіп, сол кездегі Кеңестік заңға

бағынған.

Қайтыс болды деген суық хабарды

естіп біз,

Есенгіреп қалдық қайғылы

қара дауылдан.

Тірілмесі қайтадан Болаттың бізге

бұл анық,

Жоқтау айтып қайғырып, өкініп,

бәріміз жыладық.

Жалын ғұмырың жарығым, қысқа

болды неліктен,

Қорғасындай ауыр бұл қайғыға

амалсыздан шыдадық.

Ажал саған бұйырды-ау, ауылдан емес

шалғайдан,

Өзіңді сағынып бүгінде әке-шешен

қартайған.

Бауырларыңның ортасында жүре

алмадың амал не,

Естелік болып біздерге суретің

қалыпты-ау сарғайған, –

деп Құран бағыштап, еске алушылар: **әке-шешесі: Шапен-Серікбала, бауырлары: Роза, Гүлнар, Серік, Елена, Гүлмира, Ерлан, Гүлнұр, Нұркен, Нұрлан, немере інілері мен қарындастары – Айнагүл, Мейрам, Әсем, Темірлан, Адель, Жасмин, Медина, Мират, Жанел, Санжар, Әлихан.**

абысындарына, төркіні мен көршілеріне деген сыйластығын үлгі тұтамыз, ешқашан ұмытпаймыз.

Жатқан жерің жаннат болсын, анашым,

Әлпештеген, аялаған баласын.

Өміріме үлгі болар әрқашан,

Анашым өзің ғана дарасың.

Сағындық біз, ұмытпаймыз өзіңді,

Салмақты қып ақыл айтар сөзіңді.

Еске алумен бүгін біздер жүрміз ғой,

Бақытты боп өткен сенімен кезімді, –

деп еске алушылар: **жұбайы – Беге, қайын сіңдісі мен күйеу баласы, ұлдары мен қыздары, немерелері мен жиендері, шөбересі.**

МАЛШЫ КЕРЕК

“Жанатас” шаруа қожалығына тез арада малшы керек. Малшының отбасы және жеке өз малы болса да қарсы емеспіз. Айлық еңбекақысы келісімге сай төленеді.

Байланыс телефондары:
8 747 745 64 51; 8 707 877 36 30
Ықыласбек.

МОНЕТА
ломбард
Нас рекомендуют друзья!

1 грамм золота - до 8500 тг.

• Штрафные санкции отсутствуют.
• Высокие расценки.
• Самые низкие проценты.
• Срок залога не ограничен.
• Частичное погашение.
• Бесплатная оценка и консультация.

Принимаем по высоким расценкам: ювелирные изделия, бытовую технику, часы, ювелирные украшения, картины и другие сломанные золотые изделия.

Адрес: с. Узынағаш, ул. Караш батыра, 117 «Д» (напротив Прокуратуры).
Тел.: 8 775 249 56 65.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.

Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық пошта: Atameken1932@mail.ru

• Таралымы – 4658 дана. Тапсырыс – 31
• Индекс – 62264. Көлемі – 3 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.